Педагогическая наука обеспечивает теоретическое обоснование построения процесса обучения, а образовательные технологии – прикладной аспект педагогической науки, в основе которого лежит педагогический дизайн, означающий «план действий», осуществляемых с определенной целью. Важным аспектом создания учебных материалов образовательных продуктов для школьников является системный и критический анализ и управление знаниями и данными. Например, «Химия» – историческая и динамическая наука со спектром интегрированных и прикладных направлений. Проектирование содержания образовательного ресурса на бумажном и электронном носителях по химии является отражением «исследований в действии».

Отличительной особенностью содержания учебной программы по химии для 7-9 классов являются наличие целей обучения по каждой теме, спиральный подход в их реализации с опорой на преемственность знаний по естествознанию, физике, биологии, географии, математике с учетом возрастных особенностей в разрабатываемых учебных материалах образовательных ресурсов. Современные ресурсы сориентированы на самостоятельность выстраивания маршрута познания, на планирование проведения химического эксперимента и анализ исследовательских результатов. Издательская практика, представленная в

рекомендациях авторам и редакторам для развития компетентностей, позволяет принимать участие в различных программах и проектах на развитие рефлексивного опыта, гражданской позиции, способностей к решению проблем и задач, на формирование индивидуальной и коллективной ответственности за свои действия [2].

Участие в проектах с международными партнерами по разработке учебно-методических комплексов и цифровых образовательных ресурсов по химии для 7-8 классов для Назарбаев интеллектуальных школ и общеобразовательных школ страны позволили сконцентрировать и вычленили важные аспекты и основные методические и педагогические подходы, рекомендованные экспертами Института образования Лондона и Издательства Кембридж-пресс. Содержательная линия образовательного ресурса предполагает включение:

1) вопросов для стимулирования мышления и вовлечения учащихся в тему урока;

2) использование ключевых слов на казахском, русском и английском языках;

3) заданий для проверки предварительных знаний с преемственностью и опорой на имеющиеся знания по темам естествознания, химии, физики и биологии, обеспечивающих дифференциацию и интеграцию знаний; уровневых, формативных и суммативных заданий с дескрипторами;

4) Текстов поясняющих академические термины и направляющих ход исследований и экспериментальных работ;

5) примеров применения науки в повседневной жизни, связанных с рефлексией или заданием, в том числе с экологическими и культурными аспектами Казахстана и мира, актуализирующих открытия науки в ключе раскрытия конкретной темы;

6) дополнительной работы – задания, позволяющего учащимся самостоя-

ательно углубить и расширить свои знания;

7) изображений, диаграмм, схем и таблиц с функциональным и обучающим контекстом;

8) рубрики «Запомните», «Известно, что...» с важной информацией для запоминания, фокусом на проблему и ее решение.

9) задания для проверки и контроля знаний по разделу.

Целостность подачи материала обеспечивается взаимосвязью языковых и академических целей обучения с использованием предметной лексики, терминологии и полезными фразами для диалога. Все выше рассмотренные аспекты и составляют основу педагогического дизайна учебного ресурса.

Термин педагогический дизайн «Instructional design» означает «образец творчества» и ряд мероприятий, способствующих обучению. В процессе педагогического дизайна для создания уникального образовательного продукта используются научные теоретико-практические знания, наблюдения, а также творческие, интеллектуальные и исследовательские способности и навыки.

Что является целью педагогического дизайна? Он заключается в проектировании учебной среды и эффективном создании ситуаций успеха знаний, методики управления знаниями и навыками, которые расширяют возможности обучения для отдельных учащихся. Педагогическая наука обеспечивает теоретическое обоснование построения процесса обучения, а образовательные технологии - прикладной аспект педагогической науки, в основе которой лежит педагогический дизайн, означающих «план действий», осуществляемых с определенной целью.

Утверждение «в то время, как врачи проектируют здоровье, а архитекторы – пространство, педагогические дизайне-

ры проектируют образование человека» (Van Patten, 1989) подчеркивает важность педагогического дизайна [1].

Как представлять учебную среду, какова ее цель? Главная цель педагогического дизайна – обеспечение продуктивности преподавания и создание комплексной среды обучения, на основе рационального представления, взаимосвязи и сочетания различных образовательных ресурсов: компонентов учебно-методических комплексов (учебника, рабочей тетради, руководства для учителя) и цифрового образовательного продукта в соответствии с целями обучения интегрированных учебных программ. При этом обеспечивается психологически комфортное и педагогически обоснованное нарастающее развитие участников образовательного процесса.

Основная цель системного подхода в педагогическом дизайне – обеспечение продуктивности преподавания и создание коллаборативной среды обучения, на основе рационального представления, взаимосвязи и сочетания различных образовательных ресурсов: учебника, компонентов учебно-методических комплексов и цифрового образовательного продукта в соответствии с Государственным стандартом образования и учебной программы по предмету. Информатизация системы образования нуждается в исследованиях вопросов использования электронных образовательных ресурсов в учебном процессе.

В рамках реализации национального проекта в образовании создана информационная система электронного обучения. Данная информационная система электронного обучения доступна на сайте <https://e.edu.kz>. Размещенные на сайте цифровые образовательные ресурсы включают в себя видеоуроки, тренажеры, упражнения, тесты. Цифровые образовательные ресурсы для общеобразовательных школ по химии, разработанные На-



циональным центром информатизации, компаниями «Білім Media Group», «Интерактив Казахстан», «Образовательный ресурсный центр» ААО НИШ включают, в основном, следующие компоненты: мультимедиа с экспериментами, тексты с фактическими и научными материалами, задания с интерактивными элементами и обучающие тесты, контролирующие знания.

Как происходит практическая реализация задач педагогического дизайна при разработке учебно-методических комплексов и цифровых образовательных ресурсов? По мнению экспертов Института образования Университетского колледжа Лондона, в разработке ресурсов по химии необходимо делать предварительный анализ и контрольную проверку содержания образовательного продукта:

1. Способствуют ли разработанные учебные материалы:

- развитию образовательного и личного устремления, самомотивации и независимого изучения?

- развитию критического и аналитического мышления, творчества и исследовательских навыков, когнитивных способностей и навыков по использованию информационно-коммуникативных технологий и веб-навигаций?

- развитию способностей решения проблем и сотрудничества, морального и этического сознания?

2. Насколько научные, исторические, исследовательские факты и технические термины в ресурсах точны и актуальны? Это - критически важная проверка.

3. Являются ли учебные цели четко определенными и используются ли в качестве основы обучения и преподавания? Педагогический дизайн позволяет максимально эффективно передавать человеку знания именно за счет анализа потребности в обучении и поставленных перед курсом или программой целей.

Тим Оутс, руководитель группы по ис-

следованию и разработке в оценивании «Cambridge assessment» рекомендует:

1. Концентрацию небольшого количества достижимых целей в основном академического характера или, связанных с индивидуальным отношением к обществу, вместо рассеивания сил на многие академические, социальные, эмоциональные и моральные цели.

2. Механизмы, обеспечивающие правильное преподавание с первого раза, так, чтобы не было «пробелов» и не нужно было позже заново проходить материал, например, дети должны повторить в своих тетрадях по домашней работе любое упражнение, которое они сделали неправильно в своей предыдущей домашней работе.

3. Использование одинаковых учебников всеми детьми, что позволяет учителям направить свою энергию на преподавание в классе и проверку домашней работы, вместо разработки рабочих листов, что характерно английской манере преподавания (Рейнольдс и Фаррелл 1996).

Педагогический дизайн – это не только новая тенденция в развитии педагогических технологий, но и необходимая составляющая компетенции педагога, автора-разработчика, редактора в сфере информационных, коммуникационных технологий и педагогических инноваций.

При обучении постоянно идет сложная мыслительная деятельность учащихся, которая определяет развитие как содержательной стороны мышления (знаний), так и действенной (операции, действия) с использованием академического языка. Теснейшее взаимодействие знаний и действий является основой формирования различных приемов мышления: суждений, умозаключений, доказательств и выводов. Опытнo-экспериментальная работа по подготовке учащихся к олимпиадам, научным соревнованиям построена на поисково-исследовательских принципах изучения учеб-

ного материала учениками по целевому маршруту элективных курсов «Введение в исследовательскую деятельность», «Учимся мыслить химически», «Решение нестандартных задач», практикума «Химический эксперимент». Обучение химии предполагает интегративность сфер деятельности: поисково-исследовательскую, практико-преобразовательную, ценностно-ориентационную, коммуни-

кативную, художественно-эстетическую. Воспитывается грамотное использование веществ в быту, развитие гражданина планеты Земля, знатока экологических основ в жизни человека.

В процессе обучения химии создается продукт – знания: «Все, что я познаю, я знаю, для чего это мне надо и где и как я могу это содержание применить».

**Список литературы:**

1. *Постановление Правительства Республики Казахстан от 23 августа 2012 года № 1080 «Об утверждении государственных общеобязательных стандартов образования соответствующих уровней образования» 20.0413 adilet.zan.kz/rus/docs/P1200001080*

2. *<http://e-learningcenter.ru>. Разработка электронных ресурсов. Что такое педагогический дизайн?*

3. *Методическое пособие для авторов и редакторов учебно-методического комплекса для начальной школы, утверждено приказом Директора ЧУ «ОРЦ» 31.05.13 года.*

4. *Галиев Т.Т. Опережающее обучение на основе системного подхода: Учебно-методическое пособие. – Астана: Изд-во НЦОКО РК, 2011. – 316 с.*

5. *Методические рекомендации для авторов учебной и научной литературы / Сост. А. В. Гречкин, А. В. Калмыкова, Н. А. Камалетдинова, А. С. Курылев; Астрахан. гос. техн. ун-т. – Астрахань: Изд-во АГТУ, 2009. – 28 с.*

6. *Райсханова Г.С. Метод системного подхода в обучении химии/Учебно-методическое пособие «Формирование системно-творческого мышления при обучении химии» // Международный бюллетень ФЕ – П, Франция, 2010-17*

## **БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ АГРАРЛЫҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ – АУЫЛ ЭКОНОМИКАСЫН ДАМУДЫҢ НЕГІЗІ**

**О.А. Абралиев<sup>1</sup>, А.К. Бейсенбаева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>Э.ф.д., профессор, Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті, Алматы қ.

<sup>2</sup>Э.ф.к., доцент, Қазақ Ұлттық Аграрлық университеті, Алматы қ.

**Аңдатпа.** Мақалада білім беру жүйесі мен жұмыс берушілер арасындағы өзара байланыс жоғары оқу орнының түлектерін жұмыспен қамтамасыз етудің оң факторы екендігін қарастырған. Жоғары оқу орындарының және еңбек нарығының әлеуметтік әріптестігі тұжырымдамасы сипатталып, серіктестік қатынастың негізгі түрлері және білім беру мен жұмыс берушілер арасындағы өзара шаралардың отандық тәжірибесіне тоқталған.

**Аннотация.** В статье рассматривается взаимодействие системы образования и работодателя как один из факторов успешного трудоустройства выпускников. Дается определение понятия социального партнерства высших учебных заведений и рынка труда, определяются основные формы такого партнерства и отечественный опыт взаимодействия образования и работодателей.

**Abstract.** The article considers interaction of the education system and the employer as one of the factors of successful employment of graduates. The concept definitions of social partnership of higher educational institutions and the labor market are given, the main forms of such partnership and the domestic experience of interaction between education and employers are called.

**Тірек сөздер:** кәсіби ұтқырлық, түлектерді жұмысқа орналастыру, білім беру жүйесіндегі әлеуметтік серіктестік.

**Ключевые слова:** профессиональная мобильность, трудоустройство выпускников, социальное партнерство в системе образования.

**Key words:** professional mobility, employment of graduates, social partnership in the education system.

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктерін айтып қана қоймай, нақты 10 бағыт бойынша маңызды міндеттерді атап көрсетті. Биылғы Жолдауда Қазақстан халқын жаңа заманға жедел бейімделе отырып әлемдегі төртінші өндірістік революция көшінен қалмауға үндей отырып, жаһандық жаңғыру жолында адам капиталына ерекше көңіл бөлінген. Яғни ізгілікке шақырып, игілікке жарайтын білім беру арқылы адам әлеуетін

пайдалануды басымдыққа алу қажеттігін атап өткен[1].

Жолдауда жоғары оқу орындарына да нақты міндеттер қойған. Оның ішінде Елбасының аграрлық университеттердің рөлін қайта қарау туралы ойына ерекше тоқталуға болады. Себебі оқу орындарының диплом беріп қана қоймай, ауыл шаруашылығы саласында нақты жұмыс істейтін немесе ғылыммен айналысатын кәсіби мамандарды даярлау керек екенін ескертті. Агроөнеркәсіп саласының Қазақстан экономикасында алатын рөлінің


маңыздылығына тоқталсақ, жоғары оқу орындарындағы оқу бағдарламалары жаңартылып, агроөнеркәсіп кешеніндегі озық білім мен үздік тәжірибе сабақтаса, саланың дамуына үлес қосатындығына кәміл сенім артады.

Бүгінгі күн талабына сай білім беру жүйесіне деген қоғамның әлеуметтік тапсырысы өзгерді, яғни бұл – өмірлік ұстанымын өз бетімен, саналы түрде анықтай алатын тұлғаны қалыптастыру қажеттілігі. Демек еңбек нарығы мен жоғары білімді ықпалдастыру немесе жақындастыру басты міндеттердің бірі болып табылатындықтан жоғары оқу орындарында кәсіптік бағдар беру қызметі білім алушының теориялық білімді игеру кезінде білім сапасын арттыру, икемді оқыту бағыттарын қалыптастыру, білімгердің құзыретін арттыру жүйесі арқылы орындалуы қажет. Бұл қызметке жұмыс берушілер мен бітірушілер

арасындағы әріптестікті арттыру, оқыту үрдісіне жұмыс берушілерді қатыстыру тікелей әсер етеді.

Лиссабон стратегиясы бойынша құрылым – білім, зерттеу және инновация заманауи дамыған оқу орындарының қызметіне тән. Бұл стратегияның негізгі басымдықтары:

- бәсекеге қабілеттілікті арттыру (зерттеуге және бірыңғай нарықты нығайтуға инвестициялау арқылы);
- жұмыспен қамту (жұмыс орындарын құру, жұмыс орындарын жақсарту, адам ресурстарына инвестиция салу);
- әлеуметтік қорғау, зейнетақы және денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру;
- жоғары және тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету (инвестицияларды ынталандыру және жаңа технологиялар, инновациялық бизнесті дамыту арқылы) [2].



1 сурет. Лиссабон стратегиясы

Демек, осы стратегия бойынша ықпалдасқан құрылымдарды қалыптастыру қажеттілігі төмендегі шаралар арқылы міндеттеледі:

- өндірісті өзгертетін жаңа технологиялық жаңалық ең алдымен аралас ұжымдар жүзеге асыра алатын пәнаралық зерттеулерге негізделгенде;

- өндірісті жаңғыртудың жоғары динамикасы технологиялық өндірісті игеру циклдерін қысқартуды көздейді, яғни инновацияны жүзеге асыру үшін кәсіби маман дайындаудың үдемелілігін де көздегенде;

- білім мен ғылым кәсіпкерлік сипатқа ие болу үшін венчурлық ғылыми-өндірістік ұйымдардың пайда болуында қажеттілік туындайды.

Осыған орай, елімізде шикізатқа негізделген экономикадан білімге негізделген инновациялық экономикаға көшу қажеттілігі туындады. Бұл мәселені бизнес пен білімнің қоғамдастығын құру арқылы шешуге болады. Мұндай қатынасты құру үшін білім және ғылым саласында нарық талаптарына жауап беретін жас және жаңашыл басқарушыларды дайындау қажет. Лиссабон стратегиясына

сәйкес ғылыми зерттеулерге, жаңа технологияларға және инновациялық бизнесті дамытуға, ғалымдардың рөлін арттыруға және ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға қажетті жағдайларды жасауға жол аша отырып, еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру жұмыстары жалғастырылатын болады.

Бүгінгі күнгі өзекті мәселе орта мерзімді перспективада цифрлық технологияларды пайдалану арқылы ел экономикасының даму қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму жолына көшіру мамандар даярлап оқыту жүйесіне жаңа талаптар қойылуымен және ол талаптарды орындау кәсіби білім саласын толық өзгертуді қажет етеді.

Дегенмен, ұлттық экономиканың барлық салалары үшін құзыретті және бәсекеге қабілетті мамандарды кәсіби дайындықпен қамтамасыз етуде жоғары білімнің маңызды орында екені анық. Алайда, көптеген жұмыс берушілерді жоғары оқу орны түлектерінің дайындық деңгейі қанағаттандырмайды. Яғни, білім беру бағдарламалары барлық жағдайда бірдей жұмыс берушілер сұранысына жауап бере алмайды және экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес келе бермейді.

Осы туындаған мәселелерді түбегейлі шешу үшін ҚР Білім және ғылым министрлігі «Атамекен» ҚР Кәсіпкерлерінің Ұлттық палатасымен бірлесіп техникалық және кәсіби білімді дамыту мақсатында жұмыс берушілерді тарта отырып білім беру бағдарламаларын бағалау жұмысын жүргізуде. Білім беру бағдарламаларын бағалау жұмыс берушілердің талаптары мен салалық ерекшелігі негізінде жоғары білім жүйесімен танысуға мүмкіндік береді, оның ішінде:

1. Білім беру бағдарламаларын бағалау негізінде білім алушылар мен жұмыс

берушілерге еңбек нарығында сұранысқа ие білім беру қызметін ұсына алатын мамандықты да, оқу орнын таңдауға;

2. Білім беру бағдарламаларына деген қажеттілік пен сұранысты ескере отырып, мемлекеттік гранттарды бөлу кезінде шешім қабылдауға;

3. Білім беру бағдарламаларын өзектендіру және ЖОО-ның жұмыс берушілермен байланысын нығайтуға.

Жоғары оқу орындары мен жұмыс берушілер арасындағы әртүрлі ерекшеліктерді ескере отырып, байланыстық негізін үш түрлі модель арқылы бөліп көрсетуіміз шарт:

Бірінші – дәстүрлі, маман дайындаудың үдерісін әріптестік және белгілі бір міндетті ұстану арқылы орындау. Бұл модель ұзақ және қысқа мерзімге жасалған келісім шарт негізінде қалыптасады. Арнайы өндіріс қажеттілігін қамтамасыз ету үшін дайындайтын мамандықтарға тән. Дайындалған мамандар жұмыс орнымен толық қамтамасыз етіледі. Себебі, оқу үдерісі барысында теориялық білімді тәжірибеде ұштастыру арқылы білімі бағаланып, мамандану деңгейіне баса назар аударылады. Сонымен қатар, ғылыми зерттеу жұмысына нақты объект болуына байланысты ықпалдасқан зерттеу нәтижесі екі жақты пайдалы әрі тиімді шаралар ұйымдастыруға, өндіріс ішінен зерттеу алаңын пайдалануға мүмкіндікті арттырады, бірлескен жобаларды коммерциаландыруға зор ықпал етеді. Түлектің құзыреттілігін арттырып, жұмыс берушінің талабы бойынша міндеттер орындалады;

Екіншіден, ақпараттық, әртүрлі кәсіби мамандар дайындау негізіне ақпарат алмасу арқылы еңбек нарығын жетілдіруге ықпал етеді. Осы модель арқылы бос орындарға жарнама немесе әртүрлі жұмыс берушілер ұйымдасқан шаралар арқылы электрондық база құрылып, жұмыс орындары туралы бейне роликтер мен қойылымдар, конкурстар мен сауалнамалар жарияланады. Мамандар



тестілеу немесе конкурстық таңдама арқылы жұмыс берушінің талабын қанағаттандыруы шарт;

Үшіншіден, инновациялық, мамандар өз саласының білімді, нарықтық экономикада жаңа өнімдерді коммерцияландыруды жүзеге асыра білуі, сондай-ақ көшбасшылық және коммуникациялық дағдылары бар, аса қажетті тұжырымды идеяларын жұмыс берушіге ұсыну арқылы талаптарын қанағаттандыруы шарт. Кәсіби білімі мен дағдыларын жаһандық инновациялық экономиканың аса маңызды факторына айналдыруға қабілетті маман кәсіпкерлікте ірі әлеуметтік-экономикалық міндеттерді тиімді шешудегі бейімділігі арқылы жұмыс берушімен ықпалдасып қызмет көрсетуі тиіс [3].

Осы модельдік шарттарды орындау негізінде жоғары оқу орнын бітіруші түлектер өз жұмыс орындарын табуы және жұмыс беруші арасындағы талапты орындауы оқу үдерісі аралығында да ықпалдасып іс-шаралар жүргізуіне мүмкіншілігін арттырады. Бүгінгі күні Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті – инновациялық бағыттағы элиталық жоғары оқу орны, Қазақстан мен Орта және Орталық Азиядағы аграрлық секторының көшбасшысы және агроөнеркәсіп саласына мамандар даярлайтын университет болғандықтан басты мақсаты ғылымның заманауи дамуы негізінде мамандарды ғылым мен білімді, өндірісті ұштастыра отырып даярлау. Осы мақсатқа жету үшін оқу жоспары, бағдарламалар жұмыс берушілермен бірлесіп әзірленген.

Оған мысал, «Гидротехника, мелиорация және бизнес» факультетіндегі «Есеп, аудит және қаржы» кафедрасы көптеген жұмыс беруші орын - банктік мекемелер, қаржылық ұйымдар, акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктермен бүгінде келісім жасап, көзделген шараларды іске асыруда.

Жалпы еліміздің дамуын барлық кезеңде жастар айқындайтындықтан еліміздің жастарының – халықтың жалпы санының 25%-ын құрайтындығын ескере отырып, жұмыс берушілер мен Қазақ Ұлттық Аграрлық Университеті тарапынан туындаған мәселелерді шешу жолдарын анықтайтын болсақ:

1) университетте мамандар даярлауда практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған білім беру бағдарламаларын жұмыс берушілердің талабы бойынша дайындау;

2) Қазақ Ұлттық Аграрлық университетін техникалық мамандықтар бойынша бітірген бітірушілер деңгейі көтеру үшін жас мамандарды «Дипломмен ауылға» жобасы шеңберінде тарту жұмыстарын жандандыру және түсіндірме жүргізу, кеңес беру;

3) корпоративтік басқарудың қолданыстағы институттарында негізгі шешімдерді қабылдауға әсер ететін нақты өкілеттіктерін анықтап студенттер және ата-аналар қоғамдастығы алдында есеп беруі тетіктерін реттеу;

4) Қазақ Ұлттық Аграрлық университетінің инфрақұрылымы және жастардың бос уақытын ұтымды ұйымдастыру жолдарын қарастыру.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері», 2018 жыл.
2. Лиссабонская стратегия. [http://www.europe.eu/summits/lis1\\_en.htm#1](http://www.europe.eu/summits/lis1_en.htm#1)
3. Вадова Л.Ю. Система взаимодействия вуза и работодателей в подготовке будущих специалистов // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований.– 2016.– №5-2.– С.311-315.

**БІЛІМ МАЗМҰНЫН JAҢAPТУ AЯCЫНДА  
«AЛҒAШҚЫ ӘCКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ»  
ПӘНІ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**С.Қ. Көптілеуова**

*Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Орта білім институтының  
аға ғылыми қызметкері, Астана қ.*

---

**Аңдатпа.** Мақалада 10-11-сыныптарға арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктері, оқытуды ұйымдастырудың түрлері мен әдістері көрсетілген.

**Аннотация.** В статье рассмотрены особенности учебной программы «Начальная военная и технологическая подготовка» для 10-11 классов, формы и методы организации обучения.

**Abstract.** The article considers the peculiarities curriculum of the discipline «First military and technological preparation» for the grades 10-11, as well as types and methods of the organization.

**Тірек сөздер:** алғашқы әскери және технологиялық дайындық, оқу бағдарламасы, әскери роботты техника.

**Ключевые слова:** начальная военная и технологическая подготовка, учебная программа, военная робототехника.

**Key words:** the first military and technological training, curriculum, military robotics.

---

Оқу бағдарламасы оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес әр оқу пәнінің/сабақтың мазмұны мен білім, білік, дағдыларының көлемін анықтайтын оқу-нормативтік құжат болып табылады.

Оқу бағдарламасы оқыту үдерісін оқушылардың пән салалары бойынша білім мен біліктілікті саналы түрде игерту үшін әр пәннің әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу, жоба, зерттеу іс-әрекеттері тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін дамытуға, әлеуметтік-мәдени кеңістікте орнын таба білуі үшін біліктерді меңгеруге бағыттайды.

Білім мазмұнын жаңарту аясында орта білім деңгейінде «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні 10-11-сыныптарда оқытылады. Пәннің

базалық мазмұны алғашқы әскери және технологиялық дайындық материалдары мен әскери робототехника негіздері бойынша оқытуды қамтиды.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша 10-11-сыныптарға арналған оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру үдерісін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдемелерімен үйлесімді сабақтасады. Оқытудағы тәсілдемелер пән бойынша оқу бағдарламасының түбегейлі жаңа құрылымын құруда негізгі бағдарлары болып табылады. Құндылықтық-бағдарлық, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлық, коммуникативтік тәсілдемелер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру

үдерісі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылады, бұл оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс тапты.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні – білім алушыларды отаншылдық рухпен Отанды қорғауға дайын болуына тәрбиелеуге баса назар аударады. Бұл бағдарлама білім алушыларды әскери қызметтің дағдыларын меңгеруімен қоса әскери іс негіздері мен төтенше жағдайларда адамның өмір қауіпсіздік әрекетінен білім беруіне бағытталған.

Пән мақсаты – білім алушы Қазақстан Республикасының Конституциясының негізгі ережелерін, мемлекетті қорғау негіздерін, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің арналуын және түрлері мен ерекшеліктерін түсіндіру, әскери қызметтің маңызын, Қазақстан Республикасының әр азаматының қасиетті парызы және міндетін оқыту.

Пәннің міндеттері:

1) әскери анттың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері жарғыларының негізгі талаптарын оқыту;

2) әскери бөлімдердің қарулануы мен әскери техникасы, жеке құрамның өмірімен және орналасуымен таныстыру;

3) қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру;

4) робототехника, IT-технология, технологиялық дайындық және төтенше жағдайда адамның өмір қауіпсіздігі негіздерінің алғашқы практикалық дағдыларын меңгеру;

5) есептегі әскери мамандыққа және офицер кәсібін таңдауға әскери-кәсіптік бағдар беру;

6) жастардың қазақстандық патриотизм мен Отанына деген адалдық сезімін қалыптастыру.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін білім алушылар оқығанда:

- әр азамат өз Отанының қауіпсізді-

гіне және оны қорғау қажеттілігі мен маңызын түсінуге;

- алынған пәндік білім, білік және дағдыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдары қызмет еткенде қолдануға;

- білім алушыларда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы толық логикалық бір-бірімен байланысты ұғымдар туралы үйлесімді жүйені қалыптастыру;

- жеке адамгершілік қасиеттерін дамытуға және үздіксіз өзін-өзі дамыту қажеттілігін түсінуге;

- сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау, мәселелерді шешу және коммуникативтік дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Осы бағдарлама білім алушыларға төтенше жағдайларда адам өмірінің қауіпсіздігін және әскери істің негіздерін оқыта отырып, әскери қызметтің дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағына жалпы білім беру оқу орындарында 98 сағат берілген, 10-сыныпта – 64 сағат, оның ішінде 30 сағат дала-оқу жиынына, 11-сыныпқа 34 сағат берілген.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру бөлімінде оқу жүктемесінің көлемі:

1) 10-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына – 34 сағат, сондай-ақ дала-лық оқу жиынына (лагерлік) вариативті бөлімнен 30 сағат қарастырылған.

2) 11-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына – 34 сағат.

Барлық жалпы білім беру мектептерінде меншік түрі мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні бойынша құралдармен және жиһаздармен жабдықтау нормасына сәйкес көрнекіліктер, көрнекі үгіт-насихат

стендтері және техникалық оқыту құралдарымен қамтамасыз етілуі үнемі жетілдіріліп отырады.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабағына білім алушылар білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекітіліп белгіленген киім үлгісінде қатысуы тиіс. Қару макеттері және өзге де әскери-техникалық құралдармен, оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі білім беру ұйымдарының есебінен іске асырылады.

Кіріспе сабақты өткізу кезінде білім алушыны әскери қызметке даярлау және Қазақстан Республикасын қорғауға, алғашқы әскери және технологиялық дайындықтың оқу бағдарламасының талаптарын орындау үшін адамгершілік-жігер, психологиялық және физикалық күшін жұмылдыра білу қажеттілігіне баса назар аударылады.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушы әскери істі оқыту процесінде жастардың бойында азаматтық таным, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғау, әскери қызметке деген саналы жауапкершілікті қалыптастыруға тәрбиелеу мен оқытудың басты міндеттерін шешеді.

Әр сабақ сайын білім алушылар әскери анттың рөлі мен маңызын түсінугеріне, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, оның дәстүрлері мен әскер түрлерінде қызмет ету ерекшеліктеріне, әскери мамандыққа деген қызығушылықтарын дамытып, білім алушылардың әскери білім алуларына деген ұмтылыстарын ынталандыру керек. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғылары – бұл Қарулы Күштердің тұрмыс-тіршіліктерін реттестіретін заңдар жиынтығы, ал жарғы талаптарын орындау – әрбір әскери қызметкердің міндеті екендігін түсіндіру қажет.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқу пәнінің 10-сыныпқа арналған бағдарламасының базалық мазмұны 8 бөлімнен тұрады:

1-бөлім. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі.

2-бөлім. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпыәскери жарғылары.

3-бөлім. Тактикалық дайындық.

4-бөлім. Атыс дайындығы.

5-бөлім. Саптық дайындық.

6-бөлім. Әскери топография.

7-бөлім Әскери роботты техникалардың негіздері.

8-бөлім. Өмір қауіпсіздігі негіздері және ақпараттық технологиялар.

Білім мазмұнын жаңарту аясында «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктері:

1. «Әскери топография» бөлімінің мазмұнына жаңа тақырыптар «Қазіргі заманғы бағдарлану құралдары. Жергілікті жерді бағдарлау үшін қазіргі заманғы жеке жабдықтар. Спутниктік навигациялық жүйелер туралы жалпы мәліметтер: GPS (Global Positional System), ГЛОНАСС, Galileo» қосылды.

2. «Әскери роботты техникалардың негіздері» жаңа бөлім енгізілді, мына тақырыптардан тұрады: Әскери роботты техникалардың негіздері. Роботтар туралы жалпы мәліметтер. Роботтарды әскери істе пайдалану. Роботтарды басқару алгоритмі Роботтың қозғалу траекториясын жоспарлау. Роботтар тобын ұжымдық басқару үлгісі және алгоритмдері. Роботтарға арналған тапсырмалар. Роботтардың атқара алатын қызметтері (функционалдық). Жекелеген тактикалық міндеттерді шешу: жергілікті жерлерде бағдарлау, роботтардың қиын жағдайларда қызмет ету тәртібі.



1-сурет. «Әскери роботты техникалардың негіздері»

Пәннің базалық мазмұнда IT-технологияны пайдалану қарастырылған. Сонымен қатар бөлім атаулары өзгертілген – (Қарулы Күштер Қазақстан Республикасы егемендігінің күзетінде) – «Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері – мемлекеттің әскери қауіпсіздігінің кепілі».

«Тактикалық дайындық», «Саптық дайындық», «Өмір қауіпсіздігінің және

ақпараттық технология негіздері» тараулары біріктірілген. Алғашқы әскери дайындықтың барлық бөлімдері бойынша тесттік тапсырмалар берілген.

Далалық-оқу жиыны. 10-сынып. Далалық-оқу (лагерлік) жиындарға оқу материалдары мен тақырыптық жоспарлау (ер балалар үшін)

**Оқу-дала (лагерлік) жиын  
10-сынып**

2017	
<b>Тактикалық дайындық</b>	<b>14</b>
<b>Атыс дайындығы</b>	<b>6</b>
Қарулы Күштердің, басқа әскерлердің және Қазақстан Республикасының әскери құралымдарының жалпыәскери жарғылары	4
Саптық дайындық	4
Әскери топография	2
<b>Сағаттар саны</b>	<b>30</b>

2-сурет. Далалық-оқу жиыны. 10-сынып.

11-сыныптағы «Технологиялық дайындық» бөлімінің мазмұны «Автокөлікті басқару және жол қауіпсіздігі негіздері» бөлімінде қарастырылған. Аталған

бөлімнің тақырыптары сыныптарға бөлініп, суретте ұсынылып отыр (3-сурет). «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу пәнінің 11-сыныпқа



арналған базалық мазмұнының ерекшелігі 2013-2014 оқу жылымен салыстырғанда сағат саны өзгермеген, жаңа «Технологиялық дайындық» бөлімі енгізілген. Ол келесі бөлімшелерге бөлінеді:

«Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері және ережелері», «Көлік құралдарын басқару негіздері және жол қауіпсіздігі», «Күрделі жол жағдайында автотранспорт көлігін басқару».

<b>«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің базалық мазмұны</b>			
<b>11-сынып</b>			
<b>2013</b>		<b>2017</b>	
Қарулы күштер – Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін қорғауда	2		
Саптық дайындық	3		
Өмір қауіпсіздігінің негіздері	25	<b>Технологиялық дайындық</b>	<b>34</b>
Қорытынды тексеру сабақтары	4	Дөңгелекті машиналардың негіздері мен жүргізу ережесі	8
		Көлік құралдарын басқару негіздері және жүргізу қауіпсіздігі	8
		Күрделі жол жағдайында көлік құралын басқару	18
<b>Оқу жылы бойынша сағаттар саны</b>	<b>34</b>	<b>Оқу жылы бойынша сағаттар саны</b>	<b>34</b>

3-сурет. Оқу пәнінің базалық мазмұны. 11-сынып

11-сыныпта өткізілетін «Дөңгелекті машиналардың негіздері және оларды жүргізу ережелері» бірінші бөлімшесі келесі тақырыптарды қамтиды:

Дөңгелекті машиналарды жүргізу негіздері және ережелері. Бағдаршам және жол қозғалысын реттеушінің сигналдары. Арнайы сигналдарды пайдалану. Қозғалыс жылдамдығы. Қарсы қозғалыс, басып озу. Аялдама және автотұрақ. Әртүрлі жағдайлардағы қозғалыс. Темір жол өткелдері арқылы өту. Автомагистраль арқылы қозғалыс. Тұрғын аудандардағы қозғалыс. Маршруттық көлік құралдарының басымдықтары. Дыбыстық сигналдарды және сыртқы жарық түсіру құралдарын пайдалану. Жолаушылар мен жүктерді тасымалдау. Механикалық көлік құралдарын сүйреу. Көлік жүргізуді үйрету. Жолаушыларды тасымалдау. Жүкті тасымалдау. Велосипедтер, мопедтер, көлік-арбаларының қозғалысы және жолмен мал айдауға қойылатын қосымша талаптар. Тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдардың қозғалысын қамтамасыз ету. Жол белгілері. Ескерту белгілері. Ба-

сымдық белгілері. Тыйым салатын белгілер. Жол белгілері. Міндетті белгілер. Ақпараттық-нұсқағыш белгілері. Қызмет көрсету белгілері (таңбалары). Қосымша ақпарат беру (кесте белгі) белгілері. Жол таңбасы және оның сипаттамалары. Таңбалардың жіктелуі. Көлденең және тік таңбалану талаптарына сәйкес орындалатын жүргізушілердің іс-әрекеттері. Жұмыс істеу үшін көлік құралдарының рұқсатнамасының негізгі ережелері.

«Күрделі жол жағдайында автокөлік құралдарын басқару» екінші бөлімшесі келесі тақырыптарды қамтиды: Қозғалысты бастау және бордюр тасының жанына (тротуар жанына) тоқтату. Ситуациялық есепті шығару. Дистанцияны сақтау арқылы қатардағы қозғалыс. Ситуациялық есепті шығару. Бір қатардан екінші қатарға өту қозғалысы. Ситуациялық есепті шығару. Реттелмеген жол қиылысынан өту. Ситуациялық есепті шығару. Реттелген жол қиылысынан өту. Ситуациялық есепті шығару. Басып озу. Ситуациялық есепті шығару.

Білім беру мазмұнның жаңаруы ол халықаралық және отандық тәжірибені ескере отырып, мемлекеттік басымдықтардың тапсырмаларын жүзеге асыру. Білім беру мазмұнының жаңаруына байланысты мектеп шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, өзіне сенімді, парасатты, адамгершілігі мен физикалық дайындығы жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру мақсатында жаңартылған білім беру мазмұны оқу нәтижелеріне бағытталған.

Мақалада «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» (10-11-сыныптар) сабағының білім мазмұнының жаңаруы барысында оқу бағдарламасының ерекшелігі ашылған. «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу сабағының мазмұнын ашатын тараулар

мен бөлімдері сызбалармен және кестелермен түсіндірілген.

«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» сабағының бағдарламасы бойынша білім алушылардың сабақты аяқтау кезеңінде әскери қызметтің негізін қамтитын тест, теориялық білімін бақылау – сынақтары жүргізіледі. Оқытушы – алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағын ұйымдастырушы, бастапқы шарттардың ерекшеліктері, оқу орнының материалдық базасының бар-болуы және жай-күйі, жеке дайындық деңгейі, оқытудағы дербес тәжірибесі, тағы басқа әдістер қолдануға болатыны, сабақ өту формасы анықталған бағдарламаның мақсаттарымен тапсырмаларын сапалы орындайды.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319III «Білім туралы Заңы».
3. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, Ақорда 14.12.2012ж.
4. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы №606 бұйрығы «Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру қағидасы».
6. План мероприятий по реализации приоритетных направлений развития образования и науки РК на 2014-2016 гг., утвержденный приказом Министра образования и науки РК № 9 от 13.01.2014 г. <http://skocontrol.gov.kz/files/NPA/3-h%20letnii%20plan.doc>.
7. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
8. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
9. Начальная военная подготовка и основы безопасности жизнедеятельности: Пробный учебник для 12-го класса 12-летней школы/Ерекешев А. М., Рихтер А. И., Бодеев М. Т., Ерекешев С. А. – Алматы, «Эксклюзив», 2014. – 180 стр.
10. Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 7 наурыздағы № 97 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 16 сәуірде № 7574 тіркелді
11. Мектептегі оқу кабинеттерінде білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша нұсқаулық. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 49 б.
12. Типовая учебная программа по учебному предмету «Начальная военная и технологическая подготовка» для 10-11классов уровня общего среднего образования по обновленному содержанию. – Астана, 2017г. – 20 с.

## КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ-ТАНЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖЕТЕКШІ ФАКТОР РЕТІНДЕ

**Ғ.З. ДАНЬЯРОВ**

*Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Орта білім институтының аға ғылыми қызметкері, Астана қ.*

---

**Аннотация.** Мақалада оқушылардың білім деңгейін бағалау проблемалары баяндалады. Критериалды бағалау технологиясының артықшылығы мен тиімділігі туралы айтылады.

**Аннотация.** В статье освещены проблемы оценивания уровня знаний обучающихся. Говорится о преимуществе и эффективности технологии критериального оценивания.

**Abstract.** The article highlights the assessing problems of students' knowledge level. Shown the advantage and effectiveness of the criterial assessment technology.

**Тірек сөздер:** критериалды бағалау, қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалау, критерий, құзыреттілік, қалыптастырушы, айқындаушы.

**Ключевые слова:** критериальное оценивание, формативное оценивание, суммативное оценивание, критерий, компетентность, формирующее, констатирующее.

**Key words:** criterial assessment, formative assessment, summative evaluation, criterion, competence, formative, ascertaining.

---

Оқушылардың ата-аналарынан: «Менің балама тиісті бағасын қойған жоқ! Менің балам жақсы оқиды, оның үштіктері болуы мүмкін емес!» - деген сөздерді өте жиі естуге болады. Не себепті екені белгісіз, көпшілігі оқушылардың білім сапасын бағалау өте оңай деп есептейді. Тіпті баланың қалай жауап бергенін тыңдап, кез-келген ата-ана оны әділ бағалай алады дейді.

Сырттан қарағанда мұнда күрделі ештеңе жоқ сияқты. Бірақ, оқушы қандай көлемде білімді және білікті болуы керек екені анық жазылған мектеп бағдарламасы бар ғой. Сондай-ақ, оқушы әр сабақта нені үйренуі тиіс, ол нені білуі және айқындауы керек екені егжей-тегжейлі көрсетілген мұғалімнің жоспары бар. Оқушының толық немесе толық емес көлемде білімді игергенін қалай анықтау керектігі туралы олардың ешқайсысы ойланбайды. Ол бір нәрсені үйренді ме әлде жоқ па. Мүмкін ол барлығын білетін шығар, бірақ

бүгін оның басы немесе тісі ауырып, сондықтан ол өзінің қабілетін толық көлемде ашып көрсете алмай тұр. Немесе, тіпті автордың өзі жауап бере алмайтындай етіп сұрақ қойылған шығар.

«Мүмкін» және «егер» деген мысалдар қанша болса да табылады. Сондықтан оқушылардың білімдерін бағалау, ол бәрібір күрделі педагогикалық проблема екенін сеніммен айтуға болады.

Бағалау және баға – ол, мұғалімдердің шексіз талқылауға дайын тақырыбы. Себебі мектептегі баға – ол, оқушының жұмысының нәтижесі ғана емес. Онда мұғалімнің жұмыс стилі, оның оқушымен қарым-қатынасы, ұстаздың жеке қасиеттері, көңіл-күйі, мінезі түйіседі. Оқушының жұмысын бағаламай ешқандай меңгеру процесі мүмкін емес. Ол оқушыларға, оның пәнге, мұғалімге, мектепке және тұтастай қоршаған әлемге деген көзқарасына үлкен әсер етеді. Сондықтан оқушылар

білімінің сапасын бағалау процесіне барынша қатаң талап қойылады. Осы проблема бойынша көптеген зерттеулерді талдау, бағалау сапасының негізгі талабы оның әділдігі болып табылады деген қорытындыға алып келеді.

Заманауи қоғамда жалпы білім беру процестерінің дамуы, педагогикалық инновациялардың орасан зор тәжірибесі, психологиялық-педагогикалық зерттеулердің нәтижелері үнемі жинақтап қорытуды және жүйелеуді талап етеді. Мектептегі оқыту сапасы, алға қойылған мақсаттарға жетуге және педагогикалық міндетті жүзеге асыру үшін қолданылуы керек педагогикалық технологияға тікелей байланысты.

Бағалау жүйесі, білім беру процесінің негізі болып алынатын принциптерді іске асыра отырып, кері байланысты жүзеге асыратын және оқыту проблемалары диагностикасының негізгі құралы, тұтастай алғанда мектептің білім беру кеңістігінің басты кіріктіруші факторы болуы тиіс [1].

Көптеген онжылдықтар бойы бағалау, оқушының жетістіктерін басқа бір оқушылардың нәтижелерімен салыстырумен қорытындыланды және мұндай бағалау тәсілінің бірқатар кемшіліктері бар:

- оқушыларға, ата-аналарға және ұстаздарға түсінікті, оқытудың жоспарланған нәтижелеріне жетуді бағалаудың нақты критерийлері жоқ;

- ұстаз бағаны әрбір оқушының бірыңғай критерийлерге жетуіне емес, тұтастай сыныптың орташа білім деңгейіне сүйене отырып қояды;

- оқушыларға қойылатын бағалар оқу бағдарламасының жеке бөлімдері бойынша білім, білік, дағдылардың нақты элементтерін меңгергендігі туралы түсінік бермейді, ол әрбір оқушының жеке оқыту траекториясын анықтауға

мүмкіндік туғызбайды, негізгі құзыреттіліктерін нашар дамытады;

- оқушының оқуға деген ынтасының жоғары болуына ықпал ететін, оқу процесі кезінде оқушы мен мұғалім арасында жедел байланыс жоқ [2].

Сөйтіп, біз бес балдық бағалау мұғалімнің абсолюттік билігінің құралы болып табылатынын көреміз, білім беруге авторитарлық тәсілді бекіте және ұдайы енгізе отырып, соған байланысты мұғалім – шүбәсіз бедел иесі, ақиқатты жақтаушы, әрине, әрдайым шындыққа сай емес.

Критериалды бағалау, ол – оқушылардың оқу-танымдық құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал ететін, тиісті білім беру мақсаты мен мазмұны, барлық процеске қатысушыларға алдын-ала белгілі, ұжыммен әзірленген, анық айқындалған критерийлері бар, оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс [3].

Критериалды бағалаудың қызметтері:

- оқытушылық;
- бақылаушылық;
- дамытушылық;
- тәрбиелеушілік;
- диагностикалық;
- уәждемелік.

Критериалды бағалаудың міндеттері:

- оқу процесінің әрбір кезеңінде әр оқушының дайындық деңгейін анықтау;

- оқу бағдарламасына сәйкес оқыту нәтижелерін және оқушылардың қысқа мерзімді мақсаттарға жетулерін талдау;

- оқушы дамуының жеке траекториясын түзету және жеке прогресс мониторингі;

- оқу бағдарламасын меңгеруде бар кемшіліктерді жоюға оқушыларды

ынталандыру;

- әртүрлі іс-әрекеттерді орындағаны үшін алған бағалардың маңыздылығын саралау;

- оқу бағдарламасы тиімділігінің мониторингі;

- оқу материалын игеру және оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктерін анықтау үшін мұғалім, оқушы және ата-аналар арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету.

Практикалық маңыздылығы.

Критериалды бағалаудың практикалық маңыздылығы келесі артықшылықтармен анықталады:

- оқушының жұмысы ғана бағаланады;

- оқушының жұмысы, оларға алдын ала белгілі бағалау критерийлері бойынша тексеріледі;

- оқушыларға баға олар не оқып білді соған ғана қойылады, өйткені бағалау критерийлері оқу мақсаттарының нақты көрінісін көрсетеді;

- оқушыға өз оқуының жетістік деңгейін өзі анықтауына болатын бағашығарудың нақты алгоритмі белгілі және ата-аналарына өзі ақпарат бере алады;

- оқушылардың өзін-өзі бағалауға және оқуға деген ынтасы артады.

Критериалды бағалау келесідей мүмкіндіктер береді:

Мұғалімдерге:

1. Сапалы нәтижелер алуға ықпал ететін критерийлер әзірлеуге;

2. Өзінің іс-әрекетін талдауға және жоспарлауға арналған жедел ақпаратының болуына;

3. Сабақ беру сапасын жақсартуға;

4. Оқыту сапасын жақсартуға;

5. Әр оқушының жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып, әр қайсысының жеке оқыту траекториясын құруға;

6. Түрлі бағалау тәсілдері мен құралдарын қолдануға;

7. Оқу бағдарламасының мазмұнын жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге.

Оқушыларға:

1. өзінің түсінгенін білдіру үшін түрлі ойлау әрекеттері мен қабілеттерін, оқытудың алуан стилдерін пайдалануға;

2. өз оқу нәтижесін болжау мен жетістігін ұғыну үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;

3. өзін және өз құрдастарын бағалай отырып рефлексияға қатысуға;

4. нақты міндеттерді шешу үшін білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарын білдіріп, сыни тұрғыдан ойлауға.

Ата-аналарға:

1. өз баласының оқығандық деңгейі туралы объективті дәлелдер алуға;

2. баланы оқытудағы прогресті қадағалауға;

3. оқыту процесінде балаға қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге;

4. мұғалімдермен және мектеп әкімшілігімен кері байланыс орнатуға;

5. баланың сыныпта және мектепте жайлылығына сенімді әрі жаны тыныш болуға.

Критериалды бағалау технологиясы оқушының мектептегі мазасыздығының азаюына, ал мұғалімнің «ең соңғы сатыдағы төреші» сияқты масылдығынан арылуына ықпал етеді, оқушылардың бойында: өздігінен талдау, өздігінен бағалау, өз еңбегінің нәтижесіне жауапкершілік дағдыларының қалыпташуына ықпал етеді.

Критериалды бағалау жүйесі.

Оқытудағы ілгерілеушілік пен үлгерім туралы деректер жинақтау үшін оқу жылы барысында бағалаудың екі түрі жүзеге асырылады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау

(1-сурет). Жиынтық бағалау өз кезегінде бөлім/өтпелі тақырып бойынша жиынтық бағалау, тоқсандық және білім

деңгейі бойынша жиынтық бағалау болып бөлінеді.



1-сурет. Критериалды бағалаудың құрылымы

Бағалау тәсілдерінде пәннің мазмұны мен бағалау түріне байланысты айырмашылықтар болуы мүмкін.

Қалыптастырушы бағалау оқыту процесінің ажырамас бөлігі болып табылады әрі тоқсан барысында мұғалім тұрақты жүргізіп отырады. Қалыптастырушы бағалау балл және баға қоймай ақ білім алушы мен мұғалімнің арасындағы үздіксіз кері байланысты қамтамасыз етеді. Қалыптастырушы бағалау кезінде білім алушы қате жіберуі мүмкін және оны түзетуге құқылы. Бұл білім алушының мүмкіндіктерін анықтауға, қиыншылықтарды айқындауға, жақсы нәтижелерге жетуге көмектесуге, оқу процесін дер кезінде түзетуге мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалау мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға

бөлімдер/өтпелі тақырыптар және белгілі-бір оқу мерзімінің (тоқсан, семестр, оқу жылы) аяқталуы бойынша балл әрі баға қою арқылы білім алушылардың ілгерілеушілігі туралы ақпарат беру үшін жүргізіледі. Бұл белгілі бір кезеңдегі оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтап және белгілеп отыруға мүмкіндік береді.

Тиімді қалыптастырушы және жиынтық бағалау, қойылған оқу мақсаттарына білім алушылардың жетістіктерінің қаншалықты сәйкес келетіндігін көруге мүмкіндік береді. Қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың нәтижелерін мұғалімдер оқу процесін жоспарлау және өз оқыту тәжірибесін жақсарту үшін пайдаланады.

Бөлімге/өтпелі тақырыпқа қойылатын жиынтық бағалау процесі, нақты



бір бөлім/өтпелі тақырып аяқталғаннан кейін білім алушылардың жинақталған білімдері мен дағдылары деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл бағалау түрінің мақсаты, бөлімнің/өтпелі тақырыптың тақырыптары бойынша олқылықтарды уақытында анықтау және жою болып табылады.

Тоқсандық жиынтық бағалау мен білім деңгейін жиынтық бағалау, оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін анықтау үшін жүргізіледі.

Сонымен, біз критериалды бағалаудың оқушылардың оқу-танымдық әрекеттеріне үлкен себеп болатынын және бұрынғы бағалау жүйесімен салыстырғанда келесідей артықшылықтары бар екенін көреміз:

- қалыптастырушы (ағымдағы) бағалау;
- айқындаушы (қорытынды) бағалау;
- сыныптағы күнделікті жұмыс

процесінде білім мен дағдыларды игерудің ағымдағы деңгейін анықтау;

- қалыптастырушы бағалар қорытынды бағалауға әсер етпейді және ол материалды бастапқы меңгеру кезінде болмай қалмайтын үрейден арылтуға мүмкіндік береді;

- оқу ақпараты блогын оқып білуді аяқтаған кезде білім мен оқу дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау;

- айқындаушы жұмыстарға қойылған бағалар, есептік мерзім (жартыжылдық, жылдық) курсы бойынша қорытынды бағаларды анықтауға негіз болып табылады.

Критериалды бағалау кезінде өзінді басқалармен салыстыру үшін жағдай жоқ. Сен бір критерий бойынша, ал мен басқасы бойынша табыстымын.

Қандай да бір критерий бойынша өз жетістіктеріңді бағалауға және артыруға қосымша мүмкіндіктер пайда болады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасында 12 жылдық орта білім беру тұжырымдамасы. Астана, 2010. 27 бет.

2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.

3. «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ. Әдістемелік материалдар (<http://edu.resurs.kz/>).

## ОРТА БУЫН ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**А.Н. Құрмашева<sup>1</sup>, К.К. Кенжеғалиев<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің 2-курс магистранты, Көкшетау қ.

<sup>2</sup> п.ғ.к., доцент Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.

**Аңдатпа.** Мақалада ағылшын тілі сабағындағы орта буын сынып оқушыларының педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін қолдана отырып оқыту қарастырылады.

**Аннотация.** В статье рассматривается обучение на уроках английского языка с учетом психолого-педагогических особенностей учащихся среднего звена.

**Abstract.** The article deals with the teaching at English lessons, taking into account the psychological and pedagogical characteristics of middle school students.

**Тірек сөздер:** қабілет, білікті, психолог, даму, педагогика, білім.

**Ключевые слова:** способность, образованный, психолог, развитие, педагогика, образовании.

**Key words:** ability, well-educated, psychologist, development, pedagogics, education.

Халықтың асыл мұрасымен сусындатып, әлемдегі ең бай да сұлу, сиқырлы тілімізді құрметтеу, үштілділікті жетік меңгеру оны болашақ ұрпақ санасына құя отырып тәрбиелеу, білімін шыңдау – ұстаздың басты парызы. Осы мақсатқа жету үшін ұстаздың қолында екі қаруы болса, соның бірі-терең ғылым, ал екіншісі – сол білімін оқушы бойына, санасына жеткізетін әдіс-тәсілі. Осы екеуін қатар ұштастыра отырып, жаңа заман көшіне ілесетін шығармашылық қабілеті жоғары оқушы тәрбиелеу ұстаздардың міндеті.

Қоғамның дарынды адамдарға деген қажеттілігін қанағаттандыру мен оқыту, білім беру жүйесінің алдына оқушының жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық тұлға қалыптастыру, ең маңыздысы, орта буын оқушыларының ағылшын тілі са-

бағында шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін қарастыру.

Орта буын сынып оқушылары ағылшын тілі сабағында шығармашылық жұмыс істеуге бейім болады. Олар жаңа идеяға, проблемаларды шешуге тырысады.

Баланың жастайынан шығармашылық қабілетін қалай қалыптастыру керек? Оның жолдары, әдіс-тәсілдері, мазмұны қандай?

Қазіргі таңдағы өзекті мәселенің бірі – осы. Психологтардың зерттеуі бойынша, әрбір жаста шығармашылыққа баулуға өзек болардай өзіндік ерекше қабілет, бейімділік бар екен.

Орта буын сынып оқушыларының дамуын бағыттап, бағдарламаса, онда жоғары сыныпқа келгенде, көбінің шығармашылық мүмкіндігі шектеліп, тоқырап

қалады.

Сонымен төменгі орта буын сынып оқушыларын шағармашылыққа баулып, үйрету үшін қажетті жағдайлардың мазмұнына тоқталсақ:

- мұғалім ең алдымен, сыныпта шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін оқушының назарын бір нәрсеге бағыттауы керек. Яғни оқушылардың назарын шығармашылық арнаға бұру үшін үнемі шығармашылық тапсырма – міндеттер, жаттығу, ойын түрлерін ұсынған жөн;

- әрбір шығармашылық тапсырманы оқушыға ұсынудың жолын, әдіс-тәсілін білуі керек;

- шығармашылық жаттығу, ойын тапсырмаларының мазмұны жеткіншектердің жас ерекшелігіне, қызығушылығына үйлесуі керек;

- тапсырма – міндетпен танысқаннан кейін бала жұмысқа кіріседі.

Мұғалімнің ең үлкен міндеті: бала белгілі бір көркемдік шешім тауып, өз туындысын ұтымды аяқтап шыққанға дейін оны назарынан тыс қалдырмау, шығармашылық бағыт-бағдар беріп отыруы:

- шығармашылықпен жеке дара оқушы емес, сыныптың, мектептің бүкіл оқушылары жұмыс жасауы үшін жағдай, мүмкіндік туғызу керек. Сыныпта, ұжымда өзара шығармашылық қарым-қатынас, шығармашылық ахуал орнату;

- мұғалім – оқушы үшін қарапайым ғана жан. Ал егер ол оқиға, сюжет құруға, образ жасауда жазушылық шеберлік танытса, оқушылар ерекше естиді. Өздерінің күшіне деген сенімі қалыптасады. Сондықтан мұғалімнің шығармашылықпен айналысуы және өзінің жазған дүниелері жөнінде балалармен пікір алмасуы заңды;

- шығармашылық үшін психологиялық қауіпсіздік, еркіндік, ашықтық, бостандықты қамтамасыз ету;

- шығармашылықты тежейтін үш нәрсе бар: біреуі – сәтсіздікке ұшыраймын, қолымнан еш нәрсе келмейді деген

қорқыныш сезімі, екінші – өзіне-өзі тым риза болмаушылық сезімі (не жазса да өзі ұнатпайды, кейде өзін-өзі жек көріп кетеді), үшіншісі – жалқаулық. Ондай жағдайда баланы құтқарудың жолдарын табу;

- мұғалімнің шығармашылықпен айналысуына мектепте, сабақ үстінде, үйде қолайлы жағдай туғызу;

- шығармашылық бағытқа оқушыны жүйелі, саналы түрде қалыптастырып отыру;

- мұғалім көркем шығармашылық түрлеріне үйретіп, баулу үшін көркемдік өлшемдермен өзі де қарулануы керек. Көркем шығарманың, әдеби процестің механизмін түсінбейтін мұғалім оқушыны әдеби шығармашылыққа үйретіп баулымақ түгілі, оқушы жасаған дүниеге нақты, әділ бағасын беріп, көркемдік дәрежесін тани да алмайды.

Мұғалім оқушы шығармашылығын дамыту, бағыт-бағдар беру ісінде мыналарды ескеруі керек деп ойлаймын:

-шығармашылық тапсырмалардың мазмұн-түрін ойлап табу;

-шығармашылық міндеттерді оқушыға ұсынудың әдіс-тәсілін меңгеру;

-көркемдік шешім табу, оқиға құру, образ жасау үшін кілт боларлық жағдайларды тудыра білу;

-шығармашылық процесті фактілер мен мәліметтерге педагогикалық, әдіс-темелік тұрғыдан баға, қорытынды бере білу, теориялық, практикалық тұжырымдар жасау.

Бұның өзі шығармашылық сағаттарды жетілдіре түсуге мүмкіндік береді.

Енді осы қабілет, шығармашылық деген сөздердің мағынасын ашсақ. Қабілет дегеніміз не?

Қабілеттер (способности) – бір немесе бірнеше іс-әрекеттерді нәтижелі орындаудың шарты болып табылатын адамның жеке ерекшеліктері. Адамға кез-келген іс-әрекеттерді нәтижелі орындауға мүмкіндік беретін қабілеттердің өзінше сапалық үйлесуі дарындылық деп

аталады. Дарындылықтың жоғарғы дәрежесі – талант.

Қабілеттерді оқушыларды бұған дейінгі алған білімімен және дағдылармен шектеуге болмайды. Білім, білік, дағдыларды жеңіл тез игеру қабілеттерге тәуелді болады. Екінші жағынан бұлардың игерілуі қабілеттердің дамуына ықпал жасайды.

Білім мен біліктің болмауы қабілеттердің дамуын тежейді. Қабілеттер оқушыға дайын түрінде берілмек емес, бұлар тәрбиелеу мен оқыту барысында әрдайым жүзеге асатын дамудың нәтижесі. Туа бітті тек нышандар, басқаша айтқанда қабілеттер негізіне жататын анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктер болуы мүмкін. Оқу, білім алу қабілеттерінің өзі оқушының нақты іс-әрекетінсіз пайда болуы мүмкін емес. Адамдардың қабілеттері – азаматтық қатынастардың жемісі. Қатынастар деңгейі әр оқушыда әртүрлі болатындықтан қабілеттердің деңгейі әртүрлі болады.

Психологтардың айтуынша, қабілетті айқындау мақсатындағы зерттеулер ХІХ ғасырдан басталған. Бұл қасиеттің терең түбінде талант нышаны жатыр.

Қасиеттің тиімділігін дамыту тәрбие жұмысына және жас ерекшелігінің өзгеруіне де байланысты.

Шығармашылық деген не?

Шығармашылық сөзінің төркіні, этимологиясы «шығару, ойлап табу» дегенге келіп тоқталады. Демек, жаңа нәрсе ойлап табу, сол арқылы жетістікке қол жеткізу деп түсіну керек.

Философиялық сөздікте: шығармашылық қайталанбайтын, тарихи-қоғамдық мәні бар, жоғары сападағы жаңалық ашатын іс-әрекеттің түрі деп түсіндіріледі. Көрнекті психолог Л.С.Выготский шығармашылық деп жаңалық ашатын әрекетті атаған. Ал осы мәселені терең зерттеген психологтардың бірі Я.А. Пономарев оның даму ұғымымен қатар қояды. Өйткені әрбір жаңалық, әсіресе, интеллектуалдық тұрғыдағы болса, ол

баланың психикасын жаңа сапалық деңгейге көтереді деп есептейді. Бұл пікір бүгінгі күнгі педагогиканың талаптарына сәйкес келуімен көңілге қонымды.

Зерттеле келе, шығармашылыққа берілген анықтамалар да өзгере бастады. Соңғы жылдары шығармашылық сөзімен қатар, бастамалылық, белсенділік ұғымдары астарлас қолданылып жүр.

Шығармашылық – өте күрделі психикалық процесс. Ол іс-әрекеттің түрі болғандықтан, тек адамға ғана тән.

Шығармашылық (творчество) – қоғамның материалдық және рухани өмірін жетілдіруде бұрын болмаған жаңа, соны заттар, шығармалар және т.б. өндіретін, адамның танымға және шындықты түрлендіруге бағытталған саналы, мақсатты, белсенді іс-әрекеті. Әртүрлі іс-әрекетте (ғылымда, техникада, өнерде қоғамдық қатынастарда, қоғамдық сана түрлерінде, өндірісте, тұрмыста) адамдардың барлық жасағандары – шығармашылық күш-жігерінің нәтижесі.

Шығармашылық барысы негізгі белгілері тұрғысынан адамдардың кез-келген әрекеті үшін біртұтас болады. Ол өмірді мағыналық ұғынуды, жаңа шығармашылық жинақтау жасауды, жаңа идеялар көтерудегі зиялылық іс-әрекеті және оларды өмірге ендірудегі дене еңбегі іс-әрекетін біріктіреді. Әртүрлі іс-әрекеттің өзіне тән ерекшеліктеріне сай, шығармашылық барысы да сан-қилы болады.

Мұғалімнің, оқушылардың дүниеге көзқарасы, өмірге және еңбекке ұлықтық-талғамдық қатынасы сияқты күрделі тәрбиелік міндеттерін шешуде шығармашылықтың ерекше мәні бар. Мұғалім шығармашылығы теорияны терең білу, осы заманғы мәселелерді мағыналы ұғыну болып табылады. Ол оқу-тәрбие міндеттерінің жоғары тиімділікпен шешілуінен, ойлаудың томаға-тұйық еместігін, өз ойын сауатты баяндап беруінен, зор сенімнен көрінеді, осылайша оқушы бойындағы қоғамдық белсенділікті оятады.

Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез-келген баланы көтеруге болатындығы жайлы көп айтылуда.

Шығармашылыққа деген қажеттілік күрделі рухани қажеттілік. Әзірге ол барлық адамдарда бірдей деуге болмайды. Ал қоғамда болып жатқан жаңару процестері әр адамнан күнделікті шығармашылық қайтарымды талап етіп отыр.

Шығармашылық – бүкіл болмыстың, қозғалыстың, дамудың, бір сөзбен айтқанда, тіршіліктің көзі, табиғат, қоғам құбылыстарында жеке адамның ақыл санасында, іс-әрекетінде, ішкі жан дүниесінде шығармашылықтың табиғи процестері үздіксіз жүріп жатады. Бұл процесс белгілі бір жүйемен дамиды. Ішкі шығармашылық процестерді табиғат өзі басқарады. Ал сыртқы факторларды басқару, реттеу жеке адамның ой – санасына, айналысатын ісіне байланысты.

Адамның шығармашылыққа деген жанданысы, оның өз жекелігін, өз қабілеттерін іске асыруға деген жолын ашады. Шығармашылықтың мәнін аша отырып, оның әрекетінің ұғыммен тығыз байланысты екенін анықтауға болады. Шығармашылық және әрекет диалектикалық біртұтастықты құрайды. Әрекет шығармашылық тудырып, оны нақты болмысқа айналдырса, ол шығармашылық әрекетті реттейді, оның амалдарын тиімділігін анықтайды.

Шығармашылық әрекет оқушылардың бейімін, қызығушылығын дамытуды, күшін дамытуды, олардың шығармашылық күшін жетілдіруді көздейді. Ағылшын тілі сабағында шығармашылық әрекет «Әңгіме құра», «Сөйлемді аяқта», «Полиглот», «Рөлдік ойын», секілді тапсырма ұйымдастырып оқушының шығармашылық қабілетін арттырудан көрініс береді. Осындай әрекет барысында оқушылардың әсерленушілік, оқуға қы-

зығушылығы және ерік-жігер қасиеттерін тәрбиелеу міндеттері атқарылады.

Зерттеушілер шығармашылық әрекеттерге әртүрлі анықтамалар береді. Мысалы: И.Я. Лернер шығармашылық әрекет деп білім, білік, дағдыны жаңа жағдайға тасымалдай білуді, объектінің жаңа қызметін көре білуді, жаңа шешім табуы белгілейді.

А.Н. Лук шығармашылық әрекетті мәселені шешудегі көрегендікке, қырағылыққа балайды, идеяларды іске асыру, болжай білу қабілеттерін атайды.

Шығармашылық қабілеттер шығармашылық елес, шығармашылық ойлау арқылы қалыптасады. Ал шығармашылық ойлау деп ойдың жылдамдығынан, икемдігінен, тапқырлығынан, дәлдігінен алынады.

Шығармашылық әрекет арқылы шығармашылық қасиеттер қалыптасады, әрі қарай дамиды.

Қабілеттің шығармашылық деңгейге көтерілуі неге байланысты деген сұрақтар әрбір адамды мазалайды. Шығармашылық әрекет – өте күрделі процесс және ол адамға ғана тән. Шығармашылық – адам іс-әрекетінің түрі. Мұндай әрекеттің ерекшелігі даму деңгейі тек әлеуметтік факторларға емес, табиғи биологиялық факторларға байланысты. Бүгінде шығармашылық қабілеттердің дамуы басты нысана болып, ол оқушыда шығармашылық белгілерінің болмауы үлкен проблемаға айналып, ойландыруға тиісті кезге жеткен сияқтымыз. Өйткені өмірдегі сан алуан қиыншылықтарды шеше білу, мемлекетімізді өркениетке жеткізу тек шығармашыл адамдардың ғана қолынан келмек. Тек шығармашылық қана адамға өмірдің мәнін түсінуге, бақытын сезінуге мүмкіндік туғызады.

Мұндай күрделі мәселені шешуде үздіксіз білім беру ісінің алғашқы сатыларының бірі болып саналатын бастауыш мектептің алар орны ерекше. Өйткені бастауыш мектеп:

1. Оқушылардың интеллектуалдық, рухани, табиғи нышандарын дамытуға - өзінің қызығушылықтары мен бейімділіктерін іске қосуға;

2. Жеке адамның сезімдерін қалыптастыруға;

3. Ұжымдық және іс-әрекеттер тәсіліне үйретуге;

4. Баланың еркін шығармашылықпен ойлауына, оның барлық қабілеттерін дамытуға, өз күшіне деген сенімінің болуына жағдай жасауы керек.

Шығармашылық – жаңа нәрсені ойлап табуға бағытталған қабілеттер деңгейі.

Қабілеттер проблемасы – оқушылардың жекелік айырмашылықтар проблемасы. Егер барлық адамдардың әрекеттің түрлерімен айналысуға мүмкіндіктері бірдей болса, онда қабілеттер туралы сөз етпеуге де болар еді. Мүлдем еш нәрсеге қабілеті жоқ адам болмайды. Әр адам бойында бір нәрсеге деген қабілет болатындығы кеңестік психология ғылымының негізгі ережелерінің бірі, бірақ ол қабілеттер дәрежесі әр адамда әр түрлі деңгейде болады. Олардың іс-әрекеттің белгілі бір түріне қабілеті не жоғарылау, не төмендеу келеді. Бұған қарап, мысалы, өнерге, тіл үйренуге немесе математикаға қабілеті төмен балаларды дарынсыздар қатарына жатқызу әсте дұрыс емес. Бұл оның қабілетінің басқа салада жатқандығының белгісі. Қабілеттер туа бітті қасиет емес, олар өмір сүру барысында іс-әрекет арқылы дамып отырады. «Қабілет» деген термин адамдардың белгілі бір істі орындап, одан нәтижеге жеткізетін қасиетін білдіреді деуге болады.

Қабілет ұғымына берілген психикалық анықтамалар саны баршылық. Қабілет – іс-әрекеттің белгілі бір түрін ойдағыдай, нәтижелі орындауда көрінетін адамның жеке қасиеті, - деп жазды академик Т.Тәжібаев. Қабілеттер – адамның іс-әрекеттің белгілі бір түрін орындай алу мүмкіндіктері. Қабілеттердің

даму мәселесін зерттей келе, А.Н.Монтев, А.В.Петровский, В.А.Куртецкий, Б.М.Теплов, В.С.Шубинский, М.Мұқанов, Т.Тәжібаев, Қ.Жарықбаев қабілеттер оқусыз әрі дамытынын, бірақ онда ол ұзақ процеске айналатындығын айтады. Қабілеттер мәселесі зерттеушілердің назарын көптеп аударып келеді. Енді сол еңбектердің кейбіреулеріне тоқтала кетсек. Ең алғаш қабілеттер мәселесін көтерген – С.Л. Рубинштейн. Ол іс-әрекеттің қабілетті дамытуындағы рөлін нақтылады. Осыдан бастап қабілеттердің әрекетте дамытындығы жайлы теория қалыптасып, бұл екі теория біртұтастықта қарастырылатын болды. А.Н. Леонтьев басқа ғалымдардың қабілеттерге берген анықтамаларына қосыла отырып, оларды дамытудағы әлеуметтік жағдайлардың шешуші рөл болатындығына назар аударады. Педагогикалық қабілеттерді арнайы зерттеген Н.В. Кузмина оның құрамының үш түрлі қасиеттер тобынан тұратындығын анықтап, олардың бір-бірімен байланысын ашып көрсетеді.

Қорыта айтқанда, мектептегі барлық пәндер сияқты, ағылшын тілі сабағы да оқушыларды азаматтық рухта тәрбиелеп, олардың дүниетанымын дамытып, ой-өрісін кеңейтуді, сонымен қатар ағылшын тілі саласында білімін жетілдіруді мақсат етеді. Алайда ағылшын тілі жай сабақ емес, ол терең ізденісті қажет ететін сабақ болғандықтан, оның өзіндік ерекшеліктері және атқаратын міндеттері бар. Атап айтқанда, оқушылардың дүниетанымы, өмірге деген көзқарасы ағылшын тіліндегі шығармаларды оқу немесе аударып қызықты тапсырмаларды оқи отырып, шығарма жазуға баулу осындай қызықты тапсырмалар арқылы оқушы өз білімін ұштастыра алады. Сондықтан ағылшын тілін үйрену осы пән арқылы шығармашылық қабілеттерді дамыту ағылшын тілі сабағының ең өзекті мәселесі болып отыруы шарт. Олай болса, мұғалімнің сабақта қолданған барлық әдістері осы түйінді мәселені ашуға



бағытталуы тиіс. Ал ағылшын тілі шығармаларын оқу, тыңдау дағдыларын жандандыру әр оқушының шығармашылық қабілетіне байланысты.

Демек, ағылшын тілі сабағында қызығушылық пен саналылық, көркемдік пен шеберлік шыңдауы бірігіп, тұтасып кетуі тиіс. Сонымен қатар мұғалім сабақта жұмыстың ұжымдық, топтық, әрі жеке түрлерін алмастыра білуі тиіс.

Орта буын сынып оқушыларының ағылшын тілі сабағында шығармашылық қабілеттерін қалыптастыра отырып, педагогикалық-психологиялық ерекшеліктеріне мән бере отырып оқытсақ, онда біздің шығармашылық қабілет арттыру барысында жұмысымыздың жемісі нәтижелі болатынына сенімдеміз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қоянбаев Р.М. Қысқаша педагогикалық сөздік.-Алматы: 2003.-26, 60 беттер.
2. Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігі: научное издание / Айтмамбетова Б., Бозжанова К., Ильясова А. - Алматы: Респ.баспа каб., 1995. - 120 бет.
3. Әбенбаев С.Ш. Сынып жетекшісі: оқу-әдістемелік құрал. - Алматы: Дарын, 2004.-44-66 беттер.
4. Мектептегі тәрбие жұмысы: документтер жинағы/құраст.Коротов В.М. - Алматы: Мектеп, 1978. -244-262 б
5. Оқушылар шығармашылығын арттыру / Ү. Батаева // Бастауыш мектеп. - 2011. - № 1. - 10-бет

## A CRITICAL THINKING FRAMEWORK ACROSS THE CURRICULUM\*

D.Adair<sup>1</sup>, Zh. Bakenov<sup>1</sup>, M. Jaeger<sup>2</sup><sup>1</sup>School of Engineering, Nazarbayev University, Astana, Republic of Kazakhstan<sup>2</sup>School of Engineering & ICT, University of Tasmania, Hobart, Australia

**Аңдатпа.** Сын тұрғысынан ойлау қабілетін қысқа уақыт ішінде немесе дәстүрлі әдістермен қалыптастыру мүмкін емес. Оқушылар университет табалдырығын аттамай тұрып, сын тұрғысынан ойлауды үйрену қажет. Бұл мақалада мектеп оқушыларына сын тұрғысынан ойлаудың тиімді жолдарын үйрететін бес сатылы педагогикалық база ұсынылады.

**Аннотация.** В этой статье предлагается пятиступенчатая основа для критического мышления, которая может быть широко использована в большинстве школ для эффективного обучения навыков критического мышления. Школьникам необходимо учиться думать критически до поступления в университет.

**Abstract.** Critical thinking is a developmental skill which cannot be taught simply by traditional methods, or over a short time. Therefore it is necessary for students to start thinking critically before they come to university. This paper develops a five-step framework for critical thinking, which can be used in most school teaching settings to effectively give students some critical thinking skills.

**Тірек сөздер:** сын тұрғысынан ойлау, белсенді оқыту концепциясы, академиялық дағдылар, Блум таксономиясы.

**Ключевые слова:** критическое мышление, концепция активного обучения, академические навыки, таксономия Блума.

**Keywords:** critical thinking, the concept of active learning, academic skills, the taxonomy of Bloom.

Introduction. The quality of students' and engineers thinking, and how they think, determines the quality of what they design, produce or make. Critical thinking, it is claimed, in engineering education occurs today in a focused context, directed toward fulfilling one of several accreditation body learning outcomes [1]. Of course the teaching of critical thinking should be more than this, as critical thinking entails much more than the conventional practices in engineering, by considering and articulating assumptions in problem solving, selecting appropriate hypotheses

and methods for experimentation, and, structuring open-ended design problems. Just as found in many professions, engineers now need, more than ever, strong critical thinking skills to deal with a world of increasingly rapid change and complexity.

The argument in this paper is that students coming to tertiary-level education without properly cultivated critical thinking skills are at a great disadvantage. This is for two main reasons; first critical thinking cannot be taught in the traditional conventional manner over

\* Статья взята из сборника материалов III Международной научно-практической конференции «Инновации в образовании: поиски и решения», I том. г.Астана, 26-27 мая, 2016 г. -Астана, 2016. - 330 с.

a short time, and secondly it takes a long time for students to start using critical thinking in a clear and useful manner. Therefore in elementary and secondary schools, critical thinking should be an integral part of the curriculum, and, tasks to promote and assess critical thinking should be implemented into the normal coursework. In this paper a five-step framework to build critical thinking skills teaching around is developed.

Initial thoughts on critical thinking. Prior to university programmes, i.e., in the school sector: Passive learning is still often practiced at secondary-level, and frequently active learning or critical thinking is not encouraged. Reasons for this adherence are many, not least state examination pressures. Those new to the teaching profession often adopt this model because it is both teacher-centered and comes with a strong academic tradition. Unfortunately it is very difficult to increase a student's critical thinking skills with the passive format. Topics are often discussed sequentially rather than critically, and students tend to memorize the material. The student is placed in a passive rather than an active role, since the teacher does most of the talking, and importantly most of the questioning, and hence most of the thinking [2]. Active learning can make a course more enjoyable for both the teacher and the student and, very importantly, it can make the student think critically. For this to happen, educators must give up the belief that students cannot learn a subject unless the teacher covers it. While it is useful for students to gain some exposure to the material through pre-class readings and overview introductions, students really do not understand it until they actively do something with it and reflect on the meaning of what they are doing.

What is critical thinking?

Different definitions of the term 'critical thinking' abound in the literature [3-6] and this variability may in fact impede progress

on all fronts [7]. Most of the definitions share some basic features and probably address some aspect of critical thinking [8]. In the face of so many definitions, some authors go for a 'consensus definition' and others go for one that meets their needs and consistency in applying it [9]. Important to critical thinking is how to assess it. With this in mind, a definition for critical thinking, and the working one for this paper, based on Bloom's taxonomy of educational objectives [10] was chosen. Breaking down academic skills in this way and to some extent identifying critical thinking provides a reasonable breakdown for designing specific assessment designs.

Five-step model applied at the secondary level To provide the greatest benefits to students, teachers should provide as many opportunities as possible for students to engage in the upper levels of Bloom's taxonomy where critical thinking takes place. Most teachers do indeed believe that developing critical thinking in their students is of great importance, few have an idea of what exactly it is, or how it should be taught and importantly how it should be assessed [11]. To help with this a five-step model is now discussed which can be implemented in most teaching environments whether for elementary, secondary or tertiary education to help students gain critical thinking skills. The outline of the model is shown on Fig. 1.

*Step 1. Determine the learning objectives*

By considering the placement of the course in a programme of study, and its role in providing a base of knowledge and skills to be built on by other courses, a teacher should first identify the key learning objectives that define what behaviours students should exhibit when they finish the course. To make critical thinking happen, these learning objectives, as well as the activities and assessments, must include those tied to the higher levels of Bloom's (1956) taxonomy. A well-written objective should include a behavior that

is appropriate for the chosen level of taxonomy. Bloom's levels are: *Knowledge*;

*Comprehension*; *Application*; *Analysis*; *Synthesis*; *Evaluation*.




Figure 1 – Five-step model to move students towards critical thinking

*Step 2. Teach through questioning*

Questioning is a vital part of the teaching and learning process. It allows the teacher to establish what is already known and then to extend beyond that to develop new ideas and understandings. Questions can also be used to stimulate interaction between teacher and learner and to challenge the learner to defend his or her position (i.e. to think critically). Clasen and Bonk [12] posited that although there are many strategies that can impact student thinking, it is teacher questions that have the greatest impact. Convergent questions apply to Bloom's lower levels of Knowledge, Comprehension, and Application. Divergent questions apply to Bloom's higher levels of Analysis, Synthesis and Evaluation, are generally open-ended and foster student-centered discussion, thereby encouraging critical thinking. To most effectively encourage student participation, teachers must become highly skilled questioners. This is reasonably difficult and takes commitment.

*Step 3. Practice before you assess*

In the past decade or so, a major shift has taken place in education; that is toward active learning. Teachers that have

used this approach generally find that the students learn more and that the courses are more enjoyable. Fink [13] indicated that the concept of active learning supports research which shows that students learn more and retain knowledge longer if they acquire it in an active rather than a passive manner. Activities should be chosen from each of the following three components of active learning, Information and Ideas, Experience and Reflective dialog. Information and Ideas include primary and secondary sources assessed in class, outside class or online. Experience includes doing, observing and simulations. Reflective dialog includes papers, portfolios and journaling.

*Step 4. Review, refine and improve*

Teachers should strive to continually refine their courses to make sure that their instructional techniques are in fact helping students develop critical thinking skills. Teachers should monitor the classroom activities very closely. Student participation should be tracked as well as a record of main activities and how well they worked. Student feedback can also be very useful to improving courses. Angelo and Cross [14] have provided methods for collecting

key information related to student learning and response to instructional techniques.

*Step 5. Provide feedback and assessment of learning*

Teacher feedback, like assessment, compares criteria and standards to student performance in an effort to evaluate the quality of work. The purpose of feedback is to enhance the quality of student learning and performance, rather than to grade the performance, and importantly it has the potential to help students learn how to assess their own performance in future. Feedback allows the students and teacher to engage in a dialogue about what distinguishes successful performance from unsuccessful performance as they discuss criteria and standards. When providing feedback, teachers should be both thoughtful and purposeful. According to Wlodkowski and Ginsberg [15] teachers should provide feedback that

is informational rather than controlling, based on agreed-upon standards, specific and constructive, quantitative, prompt, frequent, positive, personal and differential.

**Conclusions**

The basic message intended in this paper is that critical thinking should start as early as possible in a student's learning and extend all the way through the education process. Although universities do try to implement critical thinking for their students or even try remedial strategies, it is the contention here that it takes a long time before a student can apply critical thinking skills naturally – more time that they spend at university. Therefore, at the elementary and secondary levels of education teachers should give serious and thoughtful consideration to adjust their instructional methods and course delivery to include critical thinking skills in abundance.

### **References**

- 1 Claris, L. & Riley, D. (2013) *Situation critical: Critical theory and critical thinking in engineering education. IEE Women in Engineering, June, -P. 32-36.*
- 2 Maiorana, V. (1991) *The road from rote to critical thinking. Community Review, 11, -P. 53 - 64.*
- 3 Brookfield, S. D. (2012) *Teaching for critical thinking: Tools and techniques to help students question their assumptions. Jossey-Bass, San Francisco, CA.*
- 4 Facione, P. A. (2015) *Critical thinking: What it is and why it counts. Insight Assessment Update.*
- 5 O'Shea, J., Baillie, C. & Armstrong, R. (2012) *Developing critical thinking skills and an understanding of social justice in engineering education. AAEE 2012 Conference, Melbourne, Australia, 3rd-5th December.*
- 6 Aretz, A. J., Bolen, M. T. & Devereux, K. E. (1997) *Critical thinking assessment of college students. J. of College Reading and Learning, 28, -P. 12-23.*
- 7 Resnick, L. B. (1987) *Education and learning to think. National Academy Press, Washington (DC).*
- 8 Potts, B. (1994) *Strategies for teaching critical thinking in education. ERIC Clearinghouse, Report No. ED385606, Washington (DC).*
- 9 Bissell, A. N. & Lemons, P. R. (2006) *A new method for assessing critical thinking in the classroom. BioScience, 56(1), -P. 66-72.*
- 10 Bloom, B. S. ed. (1956) *Taxonomy of educational objectives: The classification of educational goals. New York.*
- 11 Paul, R. W., Elder, L. & Bartell, T. (1997) *California teacher preparation for instruction in critical thinking: Research findings and policy recommendations. Foundations for Critical Thinking, Santa Rosa, CA.*
- 12 Clasen, D. R. & Bonk, C. (1990) *Teachers tackle thinking. Madison, WI: Madison Education Extension Program.*
- 13 Fink, L. D. (2003) *A self-directed guide to designing courses for significant learning, retrieved from <http://www.bu.edu/sph/files/2011/06/selfdirected1.pdf>.*
- 14 Angelo, T. A. & Cross, P. K. (1993) *Classroom assessment techniques. (2nd ed.), San Francisco, Jossey-Bass.*
- 15 Wlodkowski, R. & Ginsberg, M. (1995) *Diversity and motivation. San Francisco, Jossey-Bass.*

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТЫЙЫМ СӨЗДЕРІНІҢ ОНТОЛОГИЯСЫ

Ж.Е. Амренова<sup>1</sup>, Қ.К. Кенжеғалиев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің магистранты, Көкшетау қ.

<sup>2</sup>п.ғ.к., доцент, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университеті, Көкшетау қ.

**Аңдатпа.** Мақаланың мақсаты ұлтымызға тән ұлттық құндылықтарымызды сақтау мақсатында, тәрбие құралы болып ежелден келе жатқан тыйым сөздердің мағынасын кеңінен ашып, ұрпаққа жеткізу.

**Аннотация.** Цель статьи раскрыть значения запретных слов, существующих испокон веков как средство воспитания, сохраняя национальные ценности.

**Abstract.** The purpose of article is to clarify the meanings of forbidden words which exist traditionally as a means of upbringing, by keeping national values.

**Тірек сөздер:** тыйым сөздер, тәрбие, ұлттық код, ұлттық құндылық, асыл қазына.

**Ключевые слова:** запретные слова, воспитание, национальный код, национальная ценность, духовное богатство.

**Keywords:** forbidden words, upbringing, national code, national value, spiritual wealth.

Қазіргі жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды [6,26], - деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халқымызға жолдағандай, тәрбие бастауын атам заманнан келе жатқан ұлттық дәстүрді арқау етіп іске асырған абзал.

Ұл-қызына көрсетер инабатты үлгісі жоқ, әдебі жоқ халық болмайды. Салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты құрметтемеген адам өз ұрпағына жаны ашымаған деп

танамыз. Жалпы адам жанын, тәрбиені педагогика мен психология ғылымдары зерттейтіні анық.

Психология – адам санасы, оны реттеуші ғылым десек, педагогика – адамды тәрбиелейтін, оның ішкі жан-дүниесін дәріптейтін ғылым. Педагогиканы психологиядан бөліп алып қарау мүмкін емес. Бірін-бірі толықтыратын ғылымдар. Педагогика ғылымы психология ғылымы сияқты өте ерте заманда пайда болғаны белгілі. Педагогика ғылымының барлық принциптері бесіктегі жас сәбиден бастап адамзат өмірінің ақырына дейін ілесетін дана ғылым ретінде ересектерді де тәрбиелеуге қатысты. Сол себепті, педагогика мен психология ғылымдары өз кезегінде адамдардың жас ерекшеліктеріне сай өмір сүру ортасын дұрыс танырлықтай тәрбие алу үшін қатар жүруі тиіс.



Жалпы бала тәрбиесі отбасынан басталатыны белгілі. Отбасының негізгі мақсаты баланы өмірге әкеліп қана қоймай, оған діни, рухани, мәдени – әлеуметтік ортаның құндылығын қабылдауды үйрету, ұрпақтың, ата-бабалардың, ұлылардың ақыл-кеңес тәжірибесін бойына сіңіру, қоршаған орта, адамзатқа, өз қоғамына пайдалы етіп тәрбиелеу. Мың жылдық тарихы бар қазақ халқы өз ұрпағын өмірде, отбасында тұрмыс-тіршілікте батылдық пен батырлыққа, әділдік пен адамдыққа, иба мен иманға үздіксіз тәрбиелеп отырған. Ғұлама ғалым әл-Фараби айтқандай, «Адамға бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген сөздеріне қазақтың тыйым сөздері толық мысал бола алады [5,102].

Көптеген ғалымдардың пайымдауынша, тыйымдар әлеуметтік даму процесінде шешуші рөл атқарады. Тыйым сөздерді балаға айтқан кезде, бала қалай қабылдайды? Әуелі баланың нақты эмоционалды бастан кешуін анықтайтын психофизиологиялық механизмін түсінуіміз қажет. Тыйым қолдану барысында, балаға жеткізу процесінде негізгі бір тәсіл, ол - бала қорқу арқылы тыйымдарды қабылдайды деп Бразилия ғалымы Ж. Кастроның (1956) еңбектерінде көрсетілген. Әсіресе, кіші жастағы балаға тыйымдарды айту барысында қорқытып айтылады, қорыққанынан бала келесі жолы ол тыйым салынған іс-әрекетті істемеуге тырысады [1,53]. Алайда қорқыныш эмоциясының тәжірибесі тыйымның мәдени нормаларымен қамтылған дәстүрдің күшімен шектеліп, психофизиологиялық тыйым механизмі арқылы қамтамасыз етіледі. Тағы бір маңызды компонент – белгілі бір тыйым салынған іс-әрекеттерге адамның аса бір қызығушылығы, сүйіспеншілігінің оянуы. Сондықтан, еуропалық ғалымдардың жазбаларынан адам тыйым сөздерді естіп, ой елегінен өткізгеннен кейін

амбивалентті сипатта болады, яғни екі ойлы. Көп жағдайда тыйым сөздерге сеніп, бірақ орындай қоймайды. З.Фрейд бойынша тыйым сөздерді есту нәтижесінде туындаған сезімді «қасиетті үрей» деп сипаттады [1,54]. Негізінде адамның дамуы үш негізгі факторлармен байланысты, олар генетикалық, тәрбие, әлеуметтік факторлар болып келеді. Ана сүтімен берілген, бесіктен бастау алған, отбасы, мектеп қабырғасында жалғасын тапқан, әрі қарай жоғары оқу орнында, жұмыс орнында т.б. қосталған ұзақ процесс барысында алынған тәлім-тәрбие жаман болмасы анық. Бүгінгі күні жас ұрпақтың бойынан мейірімділік, ізгілік, адалдық сияқты адамгершілік қасиеттер жоғалып бара жатқан кезде, тыйым сөздердің алар орны зор. Тыйым – халықтың тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге, ақыл-кеңес берудегі тәрбие құралдарының бірі болып табылатыны айдан анық. Жас ұрпақтың ұлттық дүниетанымын қалыптастыруда қазақ халқының тыйымдары мен наным-сенімдері зор үлес атқарады. Баяғы замандардан бүгінге жеткен ырым-тыйымдар ұлтымыздың дүниетанымына, өмірлік көзқарасына әсер етіп, әдеп пен әдет жүйесінде кең көрініс тапқаны белгілі. Жалпы, тыйымның мақсаты қандай деген сауалға жауап іздеп көрсек, тыйым ғылым саласында «табу» деп аталады, әуелгі мағынасы «киелі, атауға тыйым салынған» дейтін ұғымдарды білдіреді. Тыйым алғашқы қауымдық қоғамда наным-сенімнің туындысы болып, өркениет үрдісінің әр кезеңінде толығып, кемелденіп отырған. Бағзы дәуірде адамдар тек табиғатқа сүйеніп, ғұмыр кешетін, тіршілік тәсілі аса қарапайым да әлсіз еді. Түрлі табиғи апаттар екінің бірінде оларға қауіп төндіріп отыратын. Десе де, адамдардың өмір тәжірибесі біртіндеп молая түсті де, неден тыйылуды тәжірибе жүзінде ұғына бастады, бір-ақ не себепті тыйылатынын біле бермеді. Сөйтіп, бұл жұмбақтың жауабын мифтік,

діни қисыннан іздеді. Олар табиғаттағы барлық заттардың ие-киесі бар, өмірге, тіршілікке қауіп-қатер төндіріп отырған осы ие-киелер деп жорыды, оған әрі үрейлене, әрі ізетпен қарады. Қысқасы, тыйым қалыптасуындағы мифтік-діни сипат бара-бара көмескі тартты да, оның орнына нақтылы өмір талабынан туындаған тыйымдар келді. Діндердің діни уәжіптері уақыт оза келе, ұлттық салт-дәстүрімізге ауысып, қазақ тыйымдарының құрамдас бөлігі ретінде қалыптасты. Алайда бұл тыйымдардың негізі де ұлттық салттағы дүниетаныммен ұштасып жатты.

Қазақ тыйымдары өркениет үрдісінің әр кезеңінде ұдайы толығып, сараланып, кемелденіп отырумен бірге, ұлттық тұрғыда барлығына ортақ, адам мен табиғат, адам мен адам, адам мен қоғам арасындағы қатынастарды реттеп, сол арқылы қоғамдық тәртіпті сақтап, жарастықтың орнауына қызмет ететін, тежеп-шектеу күшіне ие, әлеуметтік қағида-ереже болып қалыптасты. Тыйымды қоғамдағы адамдар барлығы қатаң сақтауы, бұлжытпай атқаруы қажет, олай болмағанда, өздері өмір сүріп отырған қоғамдық-әлеуметтік өмірдің талғам-талабымен санаспағандық болып есептеледі. Адамдар тыйымды бала кезден бастап естіп, үйреніп біледі, әрі өле-өлгенше орындауға міндетті болады.

Қазақ тыйымға бай халық. Әдетте қазақ тыйымдары мазмұнына қарай наным-сенімге және салт-дәстүрге байланысты тыйымдар деп екі үлкен салаға бөлінеді. Наным-сенімге байланысты тыйымдар өз ішінен ие-киеге байланысты тыйымдар, табиғатқа байланысты тыйымдар, ата-бабаға, аруаққа байланысты тыйымдар, тағдырға байланысты тыйымдар деп бөлінеді.

Мысалы, «Қамшыны бейсауат қамшылама» – мал шетінейді.

«Малдың желінген басын түнде лақтырма» – түнде далаға лақтырса, малдың ырысы кетеді деп ырымдайды.

«Бетінді баспа» – қайғылы адам бетін басады.

«Мойныға белбеу салма» – буыншақ ауруына ұшырайсың.

«Тұзды баспа» – астың иманы, төресі деп киелі санады.

«Отқа түкірме» – сол үйдің оты сөнсін, иесіз қалсын деген мағынада жаман ырымға жориды.

«Жатқан кісіні аттама» – кеселге, бақытсыздыққа ұшырайды деп тыйым салған.

«Бақан, құрық аттама» – бақанмен шаңырақ көтереді, құрықпен жылқыны ұстайды.

Ал салт-дәстүрге байланысты тыйымдар өз ішінен күнделік тұрмысқа байланысты тыйымдар, жол-жосынға байланысты тыйымдар, түрлі кәсіпке байланысты тыйымдар, зат-құбылысқа байланысты тыйымдар, дене мүшелеріне байланысты тыйымдар, сөз-қимылға байланысты тыйымдар деп бөлінеді.

Мысалы, «Бүйіріңді таянба», «таяққа сүйенбе» - бұлар жаман әдеттер. Ертеде кісісі өлген үйдің ерлері таяққа сүйеніп, әйел адамдар бүйірін таянып жоқтау айтқан.

«Құстың ұясын, құмырсқаның илеуін бұзба» - біріміздің өміріміз бірімізбен тікелей байланысты деп оларға зәбір көрсетілмеген. Көзіне ақ түскен адамға құмырсқаның илеуін тауып, жем егіп басына қойған. Сонда көзден ақ шел кетіп қалған.

«Үйге қарай жүгірме» - тосын жағдай болғанда жаман хабар келгенде үйге қарай жүгірген.

«Бос бесікті тербетпе» - балалы болмайсың деген жаман ырым бар. «Қазанның, ыдыстың түбін тырнақпен қыруға болмайды» - төрт түліктің желініне шығу шығады.

«Ыдыстағы суға аузыңды малма» - себебі сол ыдыстағы су арам болады. Ыдысты еңкейтіп ішу керек деп тазалықты талап еткен.

Қазақ әрбір ісін есепсіз-қажетсіз істемеген. Тыйым сөздер есі кірген балаларға жаман әдет, жат пиғыл, ерсі қимыл, әдепсіз істерден сақтандыру мақсатындағы қажеттіліктен туған. Сонымен қатар, сол дағдылар арқылы баланың сана-сезімі мен танымын қалыптастыру да басты назардан түспеген. Егер сол тыйым сөздердің педагогикалық және психологиялық негіздерін іздейтін болсақ, «әке тұрып, бала сөйлегеннен без» деген тыйым сөздің астарына терең үңілейік, ата-ана баласын үлкен - кішіні сыйлауға, тәртіпке, ұлдың ұяты – әкеде, қыздың ұяты – шешеді деп бала мінезін биязылыққа баса тәрбиелеген. Аналарымыз бала алдында әкені құрметтеп, бұл ғаламда әкеден артық адам жоқ деп үлгі-өнеге көрсетеді. Адамзатты анадан деп түсінген қазақ әдепке үйретуді осы ана арқылы жеткізеді. «Қызға қырық үйден тыйым» деген тамаша сөз бар. Бұл қыз баланың бітім-болмысын қалыптастыруда таптырмайтын тәрбие құралы. Қыз баланың нәзік және әлсіз екенін ескерген бабаларымыз қолындағы бұрымдысына бөтен адаммен бейсауат сөйлеспеуді, ерсі күлмеуді, түнде жалғыз жүрмеуді, көпшілік алдында өзін әдепті ұстауды, ер азаматтың жолын кеспеді, тіпті бетіне тіке қарамауды да осы бір сүбелі сөздің астарына жасырып қойған. Әдебі мен ибасын сақтаған арулар әр ауылда өзін үнемі жіті қадағалап, міз бақпай бақылайтын қырағы көздердің бар екенін жастайынан санасына сіңіріп өскен. Ал мұндай тәрбиені көріп өскен қыз бала ат атандырып, сүйек сындырмасы анық. Мысалы «қыз бала ұлдың, ұл қыздың киімін кимесін» деп неге айтылған? Бұл тыйымның педагогикалық әрі психологиялық астары тым тереңде. Ел қорғайтын ұлының қыздың киімін киіп, қуыршақ ұстап өссе онда ол, біріншіден, өзінің болмысындағы еркектік қасиеттерін жоғалта бастайды. Екіншіден, ер

азаматтың мінез-құлқының өзгеруіне әкеліп соғады. Бала ынжық болады, қорқақтықты серік етеді, бойкүйездікке ұшырайды, шешімталдығын жоғалтады, бір сөзбен айтқанда, қысылтаяң күн туғанда топ бастай алмайды. Мұндайды қазақ көкжасық дейді. Ал керісінше ер баланың киімін киіп, қолына жастайынан қамшы ұстаған қыз бала шолжаң болады, бірбеткей болады, тікбақай тәкаппарлыққа душар болып өсуі әбден мүмкін. Ондай қыздарды еркекшора деп атайды. Мұны бабаларымыз сан ғасырлық тәжірибесінен байқаған. Сондықтан «ер баланың басынан сипама», «қыз баланың арқасынан қақпа» деген тыйымдар қалыптасқан. Әрбір жаратылыс иесі өзінің болмысына разы болу керектігін балаларына дәстүр-танымындағы тыйымдарымен, одан қала берді, жай ғана емеурінімен білдіріп отырған бабаларымыз не деген көреген десеңізші. Сайып келгенде жоғарыда сөз еткен тыйым сөздердің дені тек қана «ұят болады» деген категория айналасына топтасады.

Ал сөз баққан халықтың ұят, обал-сауап мәселесіне бей-жай қарай алмасы айдан анық. Айталық, әлемдегі өркениеті дамыған халықтардың барлығында белгілі бір деңгейде тәрбие құралдары бар. Иә, кейбірі ерсі, енді бірі оғаш, келесілері озық болуы мүмкін. Осы орайда ұят, обал сөздерін канондық прототип ретінде алсақ, біздің төменде келтіргелі отырған мысалдарымыздың барлығы түсінікті болады.

Саналы ғұмырын аттың жалында, атанның қомында өткізген қазақтың артындағы сауатты ізбасары «пышақ жүзін жаламайды». Неге? Себебі бұл тыйымдар адамды жамандықтан анық тыю үшін айтылған. Психологиялық ауытқуы бар, зұлымдыққа құштар жандар әдетте пышақтың жүзін жалайтын болған. Ондай адамдар тобына аң біткенді сұраусыз қыруға

құмар, ештеңенің обалына бармайтын жандарды жатқызған бабаларымыз. Осы тыйымдар мен ырымдарды ұрпақ тәрбиесінде қолдана отырып, біз өскелең ұрпақты ұлтымызға, дінімізге жат әдеттен сақтай аламыз. Оларды әдептілікке, үлкенді сыйлай білуге, кішіпейілділікке тәрбиелейміз.

«Ұлт болам десең, бесігіңді түзе» деп атам қазақ айтпақшы, біздің мақсатымыз ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарымызды сақтап және білімді де саналы жас ұрпақ тәрбиелеу. Адам баласының тұлға ретінде дамып қалыптасуына оның өскен отбасылық ортасы, ұлттық салт-дәстүрлер, әлеуметтік ортасы көп әсер етеді. Ұлттық тәрбие дегеніміз әр адамның тек өзінің ұлттық ерекшеліктерімен, ұлттық мәдениетімен ғана шектелуі емес. Әрине, алдымен әр адам өз ұлтының салт-дәстүрлерін, тілін, тарихын жетік білуге міндетті. Бірақ басқа тілді үйреніп, басқа мәдениеттермен танысуына шектеу жоқ. Жаһандану дәуірінде адамдардың көп мәдени тұлға ретінде қалыптасуы өте маңызды. Кез келген жеке тұлғаның дербес психологиялық ерекшеліктерімен қатар ұлттық сана сезімдері, ұлтжандылығы, ана тіліне деген сүйіспеншілігі сияқты ұлттық ерекшеліктері болуы тиіс. Бір адам, мың адам ұлт емес, ұлт дегеніміз қазақтың саны туралы айтылған арман-ой, неғұрлым қазақ жүздеген миллион болса соғұрлым оның шекарасы берік болады. Бұл мәселе өзінің өзектілігін әлі күнге дейін жоғалтқан жоқ.

Жас өрендердің ұлттық тәрбиесіне қатысты Міржақып Дулатовтың: «... Мұндай балалар мектепті бітіргеннен кейін қай жұрттың арасында жүрсе де, сүйегіне сіңген ұлы рухы жасымайды... қайда болса да, тіршілігінде қандай ауырлық өзгерістер көрсе де ұлы болып қалады»; деген мына ойымен негіздеп кетуге болады [2,45]. Ұлттық құндылықтарды сақтап, сол құндылықтар

негізінде жастарды тәрбиелеу арқылы ғана болашақ ұрпақты парасатты, білімді, мәдениетті, дүние танымдары жалпы адамзаттық деңгейде дамыған азаматтар ретінде қалыптастыруға болады.

Осыған орай ұлы жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай: «Қытайлықтар ұлы қытай қорғанымен, египеттіктер пирамидаларымен, итальяндықтар сазды әуенімен таң қалдырса, қазақ халқы бай тілі мен ұлттық құндылықтарын мақтан етеді» [8,23].

Жалпы ұлттық құндылықты сақтау, салауаттылық, білімділік жеке адам үшін емес, ел тағдыры, ұлттың, заман тағдыры, қоғам тағдыры іспеттес. Ырымдар мен тыйымдар адамдардың бір - бірімен қарым - қатынасын, табиғатқа, қоршаған ортаға берілген тұжырым, түйінделген қағида. Әрбір тыйым бекер айтылмаған, әрқайсысының тәрбиелік мәні бар, ұрпақ үшін ереже болып табылады.

Сондай-ақ, мұсылман баласына тән қасиеттер – уәдеде тұру, қарызын уақытылы қайтару, аманатқа қиянат жасамау. Бұл да біздің өмір салтымызда айрықша орны бар қасиеттер. Бұл біреуге сөз берсең, міндетті түрде орындау керек деген сөз. Аманатқа адалдық – адамның биік парасат иесі екендігін көрсетеді.

«Қыз бала шашын жайып жүрмейді». Ата-баба салтында тек жақыны қайтыс болған әйел ғана шашын жайған. Бүгінгі таңдағы қыз балалардың шаштарын жалбыратып жайып жүргені әдептілік емес. Жиналған, өрілген шаш адамды ұқыпты көрсетеді, әрі жұмысқа да, оқуға да ыңғайлы. Қыз бала тамақ дайындағанда басына міндетті түрде орамал байлауы қажет. Өйткені тамаққа шаш түсіп кетуі мүмкін.

«Ашық-шашық киінбе». Қазіргі таңда қыздарға ішін ашып жүру сәнге айналған. Бұл өте жағымсыз әдет, әрі қыздардың денсаулығына да зиян. Бүйрек аурулары, гинекологиялық аурулар пайда болуы әбден мүмкін. Осындай ұсақ-түйек

тыйымның өзі ертеңгі күнгі үлкен тәрбиенің қайнар бұлағы екенін ұғына білуіміз керек. Алдына ас келгенде тәубе айтып жеу, нанды, қасықты оң қолыңмен ұстау, асты шашпай жеу, қалай болса солай аузыңа салмай, асықпай шайнап жеу секілді ас ішудің де өзінің керемет тәртібі бар. Демек, тыйым – халықтық педагогиканың құрамдас бөлігі.

Халқымыздың тәрбиелік құралдарының күнделікті қолданылатын үлгі, өнеге түрлерінің бірі. Ата-бабаларымыздың даналығы сол – қаншама ғасырдан бері тыйым сөздердің мәні өзгермей, қасиеті кетпей бүгінгі заман жастарына беретін өнегесі көп.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Бочаров В.В. *Антропология власти. II часть. Санкт-Петербург, 2006. 496 б.*
2. Дулатұлы М. *Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы «Мектеп», 2003. 1 том., 675 б.*
3. Жүнісұлы А. *Пәниден бақиға дейін//Алматы: Жазушы, 2001. 296 б.*
4. Кенжеахметұлы С. *Жеті қазына//Алматы, 2003. 185 б.*
5. Кубесов А. *Педагогические наследие Аль-Фараби. Алма-Ата, 1989. 250 б.*
6. *Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Қазақстан халқына жолдауы. Егемен Қазақстан баспасы, 2017 жыл - сәуір.*
7. Нұрсан Ә. *Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдары мен атауларының дәстүрлі жүйесі// Энциклопедия// 5 том Ө-Я «Азия Арна» баспасы , 2014.*
8. *«ҮРКЕР» қоғамдық-саяси, әдеби журналы, № 2. 2014.*

## ПОЛИМӘДЕНИЕТТІ ТҰЛҒАНЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗІ

А.Г. Хамитова<sup>1</sup>, Г.М. Мусабаева<sup>2</sup><sup>1</sup> шетел тілдері кафедрасының аға оқытушысы, магистр<sup>2</sup> шетел тілдері кафедрасының оқытушысы, магистр

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

**Аңдатпа.** Бұл мақалада тілдерді меңгеру барысында полимәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізгі бағыттары қарастырылған. Көптілділік ұғымы «полимәдениеттіліктің» негізгі факторы ретінде алынып, оқу орындарындағы тілдерді оқытудың жаңа міндеттері, жаңа талаптары, жаңа мақсаттары айқындалған.

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются основные направления формирования поликультурной личности в процессе усвоения многоязычия. Определены новые задачи, новые требования и новые цели обучения языкам в учебных заведениях, основываясь на понятии «поликультурность» в качестве основного фактора.

**Abstract.** The article deals with the main directions of formation a multicultural personality in the process of mastering languages. New tasks, new requirements and new goals for teaching languages in educational institutions are defined, based on the notion of «multiculturalism» as the main factor.

**Тірек сөздер:** полимәдениеттілік, көптілділік, жеке тұлға, жаңғырту, тілдердің ұштұғырлығы.

**Ключевые слова:** поликультурность, многоязычие, личность, модернизация, трехязычие.

**Key words:** multiculturalism, multilingualism, personality, modernization, trilingualism.

Қазіргі білім беру жүйесінде полилингвизмнің қалыптасуы интеграция мен жаһандану жағдайында дамып, халықаралық талаптарға сай білім берудің өзектілігіне айналуға келеді. Көптілді тұлғаны қалыптастыру көпұлтты еліміздің бірлігінің шарты ғана емес, сонымен қатар өркениет көшінде бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың алғышарты десек, көптілді ортада ұстаздық етіп жүрген педагогтердің біліктілігін арттыру, түптеп келгенде Елбасы назарындағы Қазақстан жолы – 2050: «Мәңгілік ел» стратегиясының жүзеге асуындағы іргелі факторларының бірі екені сөзсіз. Негізгі мақсаты – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез

келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласында білімі мен білігін көрсете алатын, көптілді және көпмәдениетті құзіреттіліктерді игерген полимәдениетті жеке тұлға қалыптастыру [1].

«Көптілділік» ұғымын «полимәдениеттіліктің» негізгі факторы ретінде қарастырып, полимәдениетті тұлға қалыптастырудың іргетасы болып табылатынын айқындау, «модернизациялану», «жаһандану» үрдістерін қабылдаудың бірден-бір құралы болып табылатын «көптілділіктің» ғылыми тұрғыда маңызын анықтау әлі де болса мол зерттеуді қажетсінеді. Себебі, бұл мәселе - педагогика саласында кейіннен зерттелгендердің бірі.



Көптілді тұлғаны қалыптастыру – бәсекеге қабілетті қоғам құрудың негізі. Тілдің адам өміріндегі ең шешуші рөл атқаратыны әркімге де түсінікті. Ол – таныудың, түсінудің, дамудың құралы.

Қазір көптілді білім беру – білім беру мекемелеріндегі оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде оқыту, жас ұрпақтың білім кеңістігінде әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіншілік беретін ең басты қажеттілік. Ғылыми әдебиетте «көптілді білім беру - бұл білім беру мекемелерінде оқу пәндерін екі немесе одан да көп тілде аудармасыз оқыту» деген ұғым қалыптасқан. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына жүгінсек, бүгінгі түлек – көптілді коммуникативтік және ақпараттық құзыреттілігі дамыған, көпмәдениетті, рухани-адамгершілік, ұлттаралық қатынастар мәдениетінің жоғары деңгейін меңгерген, қазақ елінің және жалпықазақстандық құндылықтарды қастерлейтін, тілдерді меңгеруге тұрақты қызығушылық танытатын, отансүйгіштік және азаматтық сана-сезімдері дамыған тұлға. Тәуелсіз елімізде негізгі үш тілді дамытуға басымдық беріле отырып, мемлекетімізде өмір сүріп жатқан басқа халықтардың тілдері де назардан тыс қалған жоқ. Өйткені, мәдениет пен тілдердің саналуандығы – бұл Қазақстанның ұлттық байлығы. Яғни, еліміздегі кез-келген этностың өкілі қай тілде білім алатынын ерікті түрде таңдай алады. Қоғамымызда барлық этностардың мәдениеті мен тілін дамытудың бірегей формуласы жасалып отыр.

Қазіргі білім беру жүйесінде көптілділікті оқыту мен дамытуда Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңы, білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа Жолдауында «Тілдердің үштұғырлығы» атты мәдени жобасы,

«Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» басшылыққа алынууда. Аталмыш бағдарламаның іске асырылуы үш кезеңге бөлініп отыр. [2]

2011-2013 жылдар аралығында (бірінші кезең) тілдерді дамыту мен қолданудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық негізін арттыруға арналған шаралар кешенін өткізу жоспарланған.

2014-2016 жылдарда (екінші кезең) мемлекеттік тілді оқыту мен қолдану технологиялары мен әдістерін енгізу практикалық шаралар кешенін жүзеге асыру және тілдердің көптүрлілігін сақтау жұмыстары көздеді.

2017-2020 жылдар аралығында (үшінші кезең) өзге тілдердің қолданысын сақтаумен қатар, қоғамдық өмірдің барлық салаларында мемлекеттік тілдің қажеттілік деңгейін, оның қолданылу сұранысының сапасы мен меңгерілуін жүйелі мониторинг арқылы нәтижесін шығару белгіленген. Бағдарлама бойынша мемлекеттік тілді қазақстандық өзге ұлт азаматтарының 2014 жылы – 20%-ы, 2017 жылы – 80 %-ы, 2020 жылы – 95 %-ы, сонымен қатар, орыс тілін 2020 жылы қазақстандықтардың 90%-ы, ағылшын тілін 2014 жылы – 10%-ы, 2017 жылы – 15%-ы, 2020 жылы -20%-ы меңгеру керек деген мақсат қойылуда. Үш тілді меңгерген халықтың бөлігі 2014 жылы - 10%, 2017 жылы - 12%, 2020 жылы - 15% құрау керек деген міндет қойылып отыр. Қазақстан Республикасының Президенті – ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыдарламасы» атты Жолдауы аясында білім беру саласындағы стратегия мен саясатты қайта пайымдау жүргізілуде. Тілдерді меңгеру – әрбір Қазақстан азаматының парызы мен міндеті, бұл олардың қоғамдық өмірде бәсекеге қабілеттілігі мен белсенділігін айқындайтын болуы тиіс. Осы бағдарламаны іске асыруда отандық білім беру

жүйесінің үлесі басым болмақ. Білім беру жүйесін толығымен алсақ, полимәдениеттің бастапқы сатысы балабақшадағы мектепке дейінгі білім беру саласынан бастау алады. Сондай-ақ, «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарында» көрсетілгендей, біліктілікті арттырудың жүйесінде көптілді білім беруді дамытудың нақты бағыттары айқындалып, іргелі істер атқарылуда [3].

Қазіргі кезде адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне өмірдің өзі биік талаптар қойып отыр.

Бүгінгі күні көкейкесті болып отырған білімнің құзырлылық ұстанымын жүзеге асыру құралы ретінде педагогикалық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерінің алар орны ерекше. Әрекетке негізделген технологиялық оқыту танымдық белсенділігі жоғары, өмірде әртүрлі мәселелерден хабардар, кез келген тапсырманы орындауға қабілетті, қолынан іс келетін азаматтарды қалыптастырады. Оқушының жеке тұлғасын, оның рухани әлемін, қабілеті мен ынтасын дамыту бүгінгі таңдағы негізгі мәселенің бірі.

Көптілді оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемнің ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін жан – жақтан танытуына мүмкіншілік беретін бүгінгі күнгі ең басты қажеттілік. ХХІ ғасыр адамының универсалды жан-жақты болуы – заман талабы. Осыған орай, бүгінгі таңда Қазақстанға ақпараттық-технологиялық, ғылыми, медициналық т.б. салаларда жаңалықтарды, әлемдік тәжірибелерден хабары болып, бұл жаңалықтарды өзінің ана тілінде халқының игілігіне пайдалану үшін халықаралық байланыстарды нығайтып, әлем аренасына шығу үшін көп тіл білетін мамандар қажет. Осыған орай білім беру жүйесінде оқытушыларға қойылатын басты талаптардың бірі

- өз ойы мен пікірін еркін жеткізе алатын, мобильді, мәдениетті, бәсекеге қабілетті маман тәрбиелеу. Халықаралық аренада экономикасы мықты, даму жолында бірнеше саты алда келе жатқан мемлекеттер – ағылшын тілдес мемлекеттер. Сондықтан да, олардан тәжірибе алу үшін, басқа да мәселелер бойынша кірігу, қатар жүру үшін де, шет тілдерін үйренудеміз. Мұның кемшілігі жоқ: «Қанша тіл білсең, сонша рет адамсың» дейтін нақыл сөз бар емес пе?! Біздің ойымызша, экономикалық бәсекелестік рухани – тілдік бәсекелестікті де тудырады. Бір кездері Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Егер, Билл Гейтстің жасағанындай жаңалық ашсаңыздар, онда қазақ тілі бүкіл әлемге танылады» деуінің де негізі бар. Өйткені, біз технологиялық және техникалық жаңалықтарды аша білсек, әлем халқын бұл жаңалықтарымызбен қызықтыра білсек, олар біздің ол жаңалықты қалай ашқанымызды білу үшін амалсыз қазақ тілін үйренеді.

2015 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту Концепциясында «Туған тілді, мемлекеттік тілді, орыс және шет тілін меңгеру адамның ой-өрісін кеңейтеді, жан-жақты дамуына әсер етеді және жаһанды танудың ауқымын кеңейтуді қалыптастырады» делінген. Қазақстанның білім беру жүйесінің бір жағында отандық ең таңдаулы білім беру әдістері мен ғұрыптары тұрса, екінші жағында мақсаты мемлекеттік тілді, ана тілін және шет тілін меңгеру болып саналатын білім беру, олардың лингвистикалық ойларын дамыту тұруы керек. Сонымен бірге Қазақстанда осы елді мекендейтін халықтардың тілін оқытуға ерекше көңіл бөлінеді. Бізде қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып есептелсе, орыс тілі – халықтардың өзара байланыс тілі болып есептеледі. Мемлекеттік бағдарлама бойынша кітаптар 6 тілде басылып шығарылады: қазақ, орыс, ұйғыр, өзбек, түрік және неміс тілдерінде. Шет тілі барлық мемлекеттерде оқытылады.

«Халқы үш тілді пайдаланатын Қазақстан өзін әлемге жоғары білімді екенін көрсетуі керек, - деп айқындап айтты Президент, бұл қазақ тілі – мемлекеттік, орыс тілі – ұлтаралық қарым- қатынас тілі және ағылшын тілі – дүниежүзілік экономикаға нәтижелі шоғырлану тілі» [4].

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру заманы тілдерді білуді талап етеді. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының 12 сессиясында: «Қазақстандықтардың жас ұрпағы кем дегенде үш тілді білулері тиіс: қазақ, орыс, ағылшын тілдерін еркін меңгерулері қажет»-деп, Еуропадағы мектеп түлектері мен студенттерінің өзара бірнеше тілде еркін сөйлесулері қалыпты жағдайға айналғандығын атап өтті. Кем дегенде үш тілді меңгеру-заман талабына айналып отырған қажеттіліктердің бірі.

«Көптілділік» ұғымын «полимәдениеттіліктің» негізгі факторы ретінде де қарастыру – бұл дегеніміз оқу орындарына жаңа міндеттер, жаңа талап, жаңа мақсаттар қойып отыр дегенді түсіндіреді. Бір жағынан мемлекеттік тілдің қызмет аясын кеңейту бізде шешімін таппай жатқан мәселе. Ол ұлттық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайтудағы рөлін арттыруда ең басты мәселелердің бірі. Ұлттық интеграционалдық тәрбие ерекшелігінде нақты белгіленген полимәдениеттің ұлттық тәрбиемен өзара байланысы мәдени тәрбиесінің ортақтығында. Ұлттық және мәдени тәрбиенің мақсаты мен міндеттері: Ұлт ретінде, этникааралық және ұлтаралық өзара түсіну мен ұғыну сезімін қалыптастыру, теңдік пен абырой, ұлттық дискриминацияға қарсы тұру. Ал көпмәдениетті тәрбиенің ұлтаралық тәрбиеден ерекшелігі – мәдени-білім құндылықтарын игеруді қарастыру, әртүрлі мәдени орталықтарды басқа мәдени құндылықтарға бейімдеу.

Осыған сәйкес көпмәдениетті тәрбие этникалық және ұлттық ерекшеліктерді тәрбие жұмысында ең маңызды фактор деп есептейді. Полимәдениеттілік-білім беруді мәдени плюрализм, қоғамды құрайтын барлық этникалық және әлеуметтік топтардың тең бағалылығын және тең құқылығын мойындау, адамдардың ұлт немесе дін тиесілілігі, жынысы мен жас белгілері бойынша жіктеуді болдырмау ұстанымында құру [5].

Қазақстандағы жоғары оқу орындарына көп тілді білім беру жүйесін енгізу мәселесін қарастырсақ, еліміздің қазіргі заман талабына сай ҚР «Білім туралы» заңының 5-бабында «Барлық оқу орындары мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, орыс тілі және бір шетел тілін оқып үйренуді қамтамасыз етуге тиіс» деп көрсетілген. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев көптілді білімді дамытуға баса назар аударып отыр. «Еліміздің маңызды құндылықтарының бірі және басты артықшылығы -көпұлттылық пен көптілділік», - деп атап көрсеткен. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған мәліметтерге сәйкес жоғары оқу орындарында көптілді білім беруді еңгізу 2008 жылы басталған. 360 мың күндізгі оқу бөлімінің студенттерінің 1,4 % -ы шет тілінде оқиды, ал 40, 5 мың адамды құрайтын профессор-оқытушы құрамның 8,3% шет тілін меңгерген. 2011 жылы бакалавриат деңгейінің типтік оқу бағдарламасына «Кәсіби қазақ (орыс) тілі» мен «Кәсіби шет тілі» пәндері енгізілді. Халықаралық стандарттарға сай тілдерді оқудың деңгейлік моделі енгізілуде, институционалды және арнайы аккредиттеуден ЖОО-лар үш тілде өтуі мүмкін, ЖОО-ға арналған негізгі оқулықтарды мемлекеттік тілге аудару, құрастыру мен басып шығару бойынша жүйелі жұмыстар жүруде. Жалпы ЖОО-да көптілділік саясаттың ойдағыдай жүргізілуіне бүгінгі таңда жақсы жағдай жасалынған. Оқытудың тіліне қа-

рай, орыс тілінде білім алатын жастарға «Қазақ тілі» пәні мемлекеттік тілді екінші тіл ретінде қалыптастыруды көздейді, ал қазақ бөлімінде оқитын студенттерге «Орыс тілі» пәні өткізіледі, сонымен қатар, барлық білім алушыларға «Шетел тілі» пәні шеңберінде көбінесе ағылшын тілі, жинақталған топтарға неміс тілі оқытылады. Кредиттік жүйе бойынша аталмыш пәндерге 6 кредиттен бөлінген (270 сағ.) және сабақтардың өткізілуі мамандыққа байланысты – 1 жыл немесе 1,5 жылға жоспарланған. Осы орайда айта кететін мәселе, әртүрлі мамандықтарда оқитын студенттерге екінші курстан бастап тілдерді үйрету тоқтатылады. Еліміздегі барлық ЖОО-лар барлық бағыттағы жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін бір уақытта меңгерген және тілдік құзыреттілікке ие, халықаралық білім кеңістігі мен еңбек нарығында, мәдениетаралық коммуникацияға қабілетті де көптілді білім беруді мақсат етіп отыр. Осыған байланысты университеттерде барлық мамандықтар бойынша бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейлері бойынша студенттерді үздіксіз, көпдеңгейлі, көптілді дайындығына бағытталған 2012-2016 жылдарға арналған көптілді білім беруді дамытудың стратегиясы мен бағдарламасы әзірленген. Аталмыш мамандықтар бойынша көптілді топтар құрылған, студенттердің құрамы мен олардың білім деңгейлері анықталып, ғылыми дәрежелері, шетелде оқу мен жұмыс тәжірибесі бар жоғары білікті студенттер жұмысқа тартылды, негізгі профилді пәндер бойынша сабақ беретін оқытушылардың тілдік құзыреттіліктері анықталды. Жоғары білікті, бәсекеге қабілетті, халықаралық білім кеңістігі мен еңбек нарығы үшін мобилді мамандарды дайындауда оқытушының тілдік құзыреттілігі маңызды рөл атқарады. «Үштілдік оқыту» бағдарламасының аясында ЖОО-да студенттер мен профессорлық-оқытушылар құрамының үштілде білім алуы, атап ай-

тқанда мемлекеттік және ағылшын тілдерін кәсіби терминология тұрғысынан оқуы жүзеге асуда [6].

Осыған орай университеттерде өз алдына келесідей мақсаттар қойылды:

- мемлекеттік және ағылшын тілдерінде сабақ жүргізу үшін профессорлық-оқытушылар құрамының бір бөлігін тарту;

- профессорлық-оқытушылар құрамын шет тілінен оқу - әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету;

- ЖОО-да немесе серіктес шетел жоғары оқу орындарындағы негізінде отандық және батыс мамандарының қатысуымен қарқынды кәсіби-лингвистикалық курстары ұйымдастыру;

- шет тілін меңгеру деңгейін арттыру үшін 1-3-курс студенттері мен оқытушылардың үздіксіз, тілдік дайындығын ұйымдастыру;

- «Болашақ» бағдарламасы арқылы және шетел жоғары оқу орындарында тілдік тағылымдаманы ұйымдастыру [4].

Көптілді білім беру ісінде атқарылып жатқан жұмыстардан шығатын қорытынды, біздің ойымызша, мынадай:

- көптілді білім беру – бұл мектепте оқу пәндерін екі немесе одан да көптілде аудармасыз оқыту;

- билингвалды білім беру;

- оқу және оқудан тыс жұмыстардың негізгі бағыттарын екі тілде іске асыру, педагогикалық үрдісте екі тілді оқыту құралы ретінде пайдалану;

- әрбір мектеп бітірген Қазақстан Республикасының азаматы қазақ, орыс, ағылшын тілдерін жетік біліп шығады;

- көптілді меңгерген оқушылар өзгермелі кезеңде еркін әрекеттер жасауға бейім болады;

- көптілді меңгеру еңбек нарығында да жоғары бағаланады;


- алыс және жақын шетелдерде тілдік көмекті керек етпейді.

Тілдер гармониясы сақталуы үшін осы үш тілдің меңгерілу үрдісін үйлесімділікте ұстау керек. Үйлесімділікте


ұстау деп отырғанымыз бір тіл екінші тілдің үстінен басымдылық жасамай, қайта меңгеру үрдісінде өзінің позитив әсерін беріп отыруы. Тіл меңгеру барысында үш тіл тығыз байланыста болып, бір-біріне өз әсерін беріп отырады. [7]

Осыған орай, сауалнама ретінде әлеуметтік желіде және ауызша сұхбат алынды. Барлығы 186 адам қатысты. «Тілдерді меңгергендіктеріңіз сіздерге қажет бола алды ма?» деген сұрақ нәтижесі мынандай:


### Тілдерді білу қажеттілігі



### Көптілді білім беру жүйесіне дайынсыз ба?



### Көптілділіктің қоғамға қажеттілігі



Көптілділікті жеке тұлға қалыптастырудың негізі ретінде қарастырып, зияткер тұлға қалыптастыруды заманауи педагогиканың зерттеу нысаны есебінде санау қажет.

Біз елімізде үштұғырлы тіл болғанына түсіністікпен қараймыз, алайда басты мақсатымыз – әрбір қазақстандықтың асыл парызы – мемлекеттік тілді білу және құрметтеу.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 7 декабря 2010 года, № 1118.

2. Совместный приказ и.о. Министра образования и науки Республики Казахстан от 5 ноября 2015 года № 622, Министра культуры и спорта Республики Казахстан от 9 ноября 2015 года № 344 и Министра по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 13 ноября 2015 года № 1066 «Об утверждении Дорожной карты развития трехязычного образования на 2015-2020 годы» /[http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_](http://online.zakon.kz/Document/?doc_)

id=35182262

3. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы, утвержденная Указом Президента Республики Казахстан от 2 марта 2016 года №205// <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000205> 4. [http://edu.gov.kz/ru/page/deyatelnost/visshee\\_i\\_poslevuzovskoe\\_obrazovanie](http://edu.gov.kz/ru/page/deyatelnost/visshee_i_poslevuzovskoe_obrazovanie).

4. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. – 2012. – № 218-219. – 10 июля.

5. Национальный доклад «О состоянии и развитии системы образования Республики Казахстан» по итогам 2015 года/АО «Информационно-аналитический центр», Астана, 2016 г., с. 331-332

6. Состояние трехязычного образования в Казахстане/ Аналитическая справка, НАО им. И.Алтынсарина, Астана, 2016, 68 стр.

7. Жетписбаева Б.А., Костина Е.А., Акбаева Г.Н. Проблемы преподавания профессионально-ориентированного языка в контексте модернизации профессионального образования// Вестник КарГУ, 2015 г.



## ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРАКТИКА СТУДЕНТОВ – ПОДГОТОВКА К ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

**С.А. Баймуратова**

кандидат педагогических наук, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, г.Алматы

**Аңдатпа.** Болашақ мұғалімдерді даярлауда студенттердің педагогикалық тәжірибесі маңызды рөл атқарады және оның негізгі кәсіби қасиеттерін қалыптастырады. Педагогикалық тәжірибенің басты мақсаты - алған теориялық білімдерін бекіту, тереңдету, жетілдіру және оларды педагогикалық іс-әрекетте қолдана алу.

**Аннотация.** Педагогическая практика студентов играет важную роль в подготовке будущего учителя и формирует его ключевые профессиональные качества. Главная цель педагогической практики – закрепить, углубить, усовершенствовать приобретенные теоретические знания и научиться применять их в педагогической деятельности.

**Abstract.** Pedagogical practice of students plays an important role in the preparation of future teacher and in form key professional qualities. The main goal of pedagogical practice is to consolidate, deepen, improve the acquired theoretical knowledge and learn how to apply them in pedagogical activity.

**Тірек сөздер:** педагогикалық тәжірибе, шетел тілі, кәсіби құзыреттіліктер, әдістер, формалар, құралдар, рухани-адамгершілік тәрбие беру.

**Ключевые слова:** педагогическая практика, иностранный язык, профессиональные компетенции, методы, формы, средства, духовно-нравственное воспитание.

**Keywords:** pedagogical practice, foreign language, professional competences, methods, forms, means, spiritual and moral education.

В Послании «Новые возможности развития в условиях Четвертой промышленной революции» Глава государства акцентировал внимание на развитии научного потенциала вузов и подготовку кадров в соответствии с приоритетными направлениями стратегии развития общества [1].

Сегодня государство и работодатели предъявляют высокие требования к выпускнику вуза как квалифицированному специалисту. Работодателям требуются компетентные специалисты, способные эффективно функционировать в новых динамичных социально-экономических условиях, способных решать типичные профессиональные

задачи, возникающие в реальных ситуациях профессиональной деятельности, с использованием знаний, профессионального навыка, творческих склонностей [2].

Ключевой фигурой современных процессов модернизации системы национального воспитания, бесспорно, является педагог, учитель. Современный учитель должен обладать профессиональными компетенциями, связанными с готовностью и способностью реализовывать цели обучения на различных уровнях, с учетом современных социальных требований и реальных условий преподавания.

Одним из результативных способов,

обеспечивающих качественную подготовку будущих педагогов в вузе, способных использовать приобретенные в ходе обучения знания и опыт при решении профессиональных задач, является педагогическая практика, позволяющая применить как теоретические знания, полученные в рамках изучения теоретических дисциплин до начала практической подготовки, так и в реальной профессиональной работе. По мнению Ю.К. Бабанского, именно в процессе педагогической практики можно в полной мере осмыслить закономерности и принципы обучения и воспитания, овладеть профессиональными умениями и навыками, опытом практической деятельности [3].

Практика студентов педагогических специальностей в КазУМОиМЯ имени Абылай хана осуществляется в образовательных учреждениях (гимназии, лицеи, колледжи), т.е. в условиях, максимально приближенных к профессиональной деятельности педагога.

Педагогическая практика организована в течение всех лет обучения студента в вузе и призвана обеспечить единство обучения, воспитания и практической профессиональной деятельности.

Целью педагогической практики является научить студентов творчески применять в педагогической деятельности теоретические знания и практические навыки, полученные при изучении методики обучения иностранного языка, педагогических, психологических и специальных дисциплин, а также развивать профессиональные способности, умения и навыки организации учебно-воспитательного процесса на уроке, адаптироваться и совершенствоваться в будущей профессии.

Виды, сроки и содержание педагогической практики определяются на-

правлением специальности, рабочими учебными планами, графиками учебного процесса и программами практик.

Основным содержанием педагогической производственной практики является педагогическая деятельность, в которой с позиции деятельностного подхода основными компонентами являются: исходное состояние, цель, средство, условия, результат.

Под исходным состоянием как компонентом педагогической деятельности студентов следует понимать комплекс характеристик, отражающих готовность к самостоятельному выполнению профессиональных действий и проявлению профессионально значимых свойств и качеств личности:

1) уровень владения психолого-педагогическими, методическими знаниями и умениями;

2) уровень сформированности педагогических умений;

3) уровень развития мотивации педагогической деятельности;

4) уровень развития педагогического мышления (таких его качеств, как гибкость, оперативность, мобильность, системность, креативность, самостоятельность);

5) уровень сформированности самоанализа и самооценки как компонентов педагогической деятельности.

На практике перед студентами стоят задачи: активизировать коммуникативно-речевые умения, организовывать сотрудничество практикантов и обучающихся, формировать и развивать умения принимать организационные решения в стандартных ситуациях и нести за них ответственность, нести ответственность за результаты своей профессиональной деятельности, развивать способности к инновационной деятельности в условиях коммуникативно-ориентированной практики препода-

вания иностранного языка, применять современные методики и технологии, в том числе и информационные, для обеспечения качества учебно-воспитательного процесса в соответствии с возрастными и индивидуальными особенностями учащихся, использовать современные методы диагностирования достижений учащихся. Умелое пользование информационно-компьютерными технологиями и включение их в учебный процесс не только повышают у студента медиакомпетентность (без чего немислимо современное образование), но и способствуют воспитанию самостоятельной, творческой личности, свободно ориентирующейся в условиях глобальной информатизации общества.

Самостоятельность студента в развитии педагогических умений (как одно из важнейших условий педагогической практики) предполагает не только самоконтроль и самооценку своих действий, но и самодиагностику, самоанализ достигнутых результатов, что способствует формированию и развитию таких профессионально значимых свойств и качеств, как педагогическое мышление, педагогическая рефлексия, мотивация профессиональной деятельности и др.

К примеру, на последнем курсе своей педагогической производственной практики, студенты первую неделю наблюдают за учебным процессом, участвуют на уроке в качестве помощника учителя, затем самостоятельно начинают проводить занятия. Методисты оказывают практическую и методическую помощь студентам-практикантам, проводят разъяснительные беседы со студентами, помогают в организации и проведении внеурочных мероприятий. При оформлении документации по практике внимание студентов ак-

центируется на использовании учебной, учебно-методической литературы, специализированных периодических изданий и словарей; применения различных средств обучения, являющихся неотъемлемой частью уроков иностранного языка: простых визуальных (таблиц, иллюстративных материалов), аудиовизуальных (видеомагнитофона, DVD-проигрывателя) и т.д. Студенты используют различные формы оценочных средств, отражающих результативность выбранных организационных компонентов позволяющих следить за ходом формирования профессиональных компетенций. В качестве оценочных средств теоретических знаний студентов, полученных за время прохождения педагогической практики, выступают такие виды работ, как написание планов-конспектов уроков по иностранному языку, плана внеклассного мероприятия на иностранном языке, ведение дневника студента-практиканта, выполнение отчета по практике, составление психолого-педагогической характеристики на школьника, анализ посещенных занятий студентов и др. По ходу практики студенты изучают и анализируют педагогический опыт учителей английского языка, классных руководителей, намечают пути корректировки своей педагогической работы.

Кроме того, практическая деятельность студента на завершающей педагогической практике приобретает исследовательский характер. Выполнение исследовательских заданий становится основой проектных и дипломных работ, как результат творческой деятельности. В ходе презентации студент не только рассказывает о ходе практики и показывает ее результаты, но и демонстрирует собственные знания и опыт в решении проблемы проекта, приобретенную компетентность. Эле-

мент самопрезентации – важнейшая сторона работы над проектом, которая предполагает рефлексивную оценку студента-практиканта, всей проделанной им работы и приобретенного практического опыта.

Так, студенты показали, что умеют ставить цели развития личностных качеств обучающихся и реализовывать их средствами учебного предмета, владеют учебным материалом. Практикантами использовались ненасильственные приёмы обучения, т.е. отсутствовали отрицательные реплики, не перебивали учащихся, не навязывали свою точку зрения. Активно применяли раздаточные наглядные дидактические материалы. Умело использовали интерактивную доску, презентации и слайды. На всех занятиях эффективно использовали приемы диалогового обучения, проводились интересные дискуссии.

Конечно, все компоненты компетенций не могут быть сформированы только за время практической подготовки студентов. В рамках дисциплин, предшествующих педагогической практике, идет формирование теоретических аспектов готовности компонентов компетенций, необходимых в профессиональной деятельности.

Духовно-нравственное воспитание школьников является основной задачей современной образовательной системы и представляет собой важное звено социального заказа современного образования, что подтверждается принятой национальной программой «Рухани жаңғыру».

